

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 167 (9485) || 1954 жылғы 22 август Жексенбі || Шығуына 35 жыл  
және саны 20 тыйын.

ОБЛЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІ ПАРТИЯ МЕН ҰҚМЕТІМІЗДІҢ ТЫҢ  
ЖЕРЛЕРДІ ОНАН ӘРІ ИГЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕ-  
ГЕ АСЫРУ КҮРЕСІНДЕ: **А. Сәрсенов.** — Совхоздар қосымша  
тың игеруде. **В. Николаев.** — Еңбек қыза түсті. **З. Қаскеев.**  
— Қаулыға іспен жауап беру үшін (1-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҒ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ  
(1-бет).  
ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ (1-бет).  
ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ  
(2-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: **Б. Уақбаев, Ж. Қыйлыбаев.** — Пар-  
тиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі  
жоғары болсын (2-бет).

СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСҚА БӘСПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ  
БАСШЫЛЫҒЫН ЖАРҚАРТАНЫҚ (2-бет).  
ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДА — ОЗАТТАРҒА  
ТЕНЕЛЕЙІК!: **С. Копнов.** — Міндетмесін аброймен орындауда.  
**С. Наяндин.** — Елмізге астықты көп береміз (3-бет).

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА: **М. Родяцин.** — Оқу  
жылына дайынбыз. **Т. Көдіров.** — Өзіндіксіз кіріскелі отыр  
(3-бет).  
**А. Меркулов.** — Румын халқының өміріндегі жаңа дәуір  
(3-бет).

КИНО: **М. Нұрпейісов, С. Төмірханов.** — «Батырдың ма-  
лшылығы» (4-бет).  
Шетел хабарлары (4-бет).

## ЗЯБЬ ЖЫРТУ КЕҢІНЕН ӨРІСТЕТИЛІП, ЖОСПАР МЕРЗІМІНДЕ ОРЫНДАЛАТЫН БОЛСЫН

Бүкіл еліміздің егін шаруашылығы  
қызметкерлері сыяқты, облысымыздың  
егіншілері де социалистік ауылшаруашы-  
лық жұмыстарының ең жауапты кезеңі—  
егін жыйнауға кірісті. Бұл жұмыстың  
алғашқы күндерінен бастап-ақ егінді  
қысқа мерзімде әрі ырашсыз жыйнап  
алуға, сонымен бірге, мемлекет алдында-  
ғы бірінші парыз—астық дайындау жо-  
спарын мерзімінен бұрын толық және ар-  
тығымен орындауға, егіншілеріміз бен ме-  
ханизаторларымыздың жаншай жұмылып  
отырғандығы жөнінде облыс аудандары-  
нан, колхоздары мен совхоздарынан ха-  
барлар түсіп жатыр.

Өткені, коммунистік партиямыз бен  
Совет Үкметінің социалистік ауыл шару-  
ашылығын онан әрі өркендетуге және  
совет халқының тұрмыстық жағдайын  
үздіксіз көркейтуге бағытталған қарар-  
лары колхозшылар мен колхозшы әйел-  
дерді, МТС және совхоз қызметкерлерін  
осындай қажырлы еңбекке аттандырып  
отыр. Алдыңғы қатарлы шаруашылық-  
тардың еңбекшілері егін жыйнауға және  
астық дайындауға кірістік деп, басқа жұ-  
мыстардан қол үзіп кеткен жоқ, қайта  
олар бұл жұмыс пен мал азығын дайын-  
дау, мал қораларын салу, зябь жырту  
сыяқты бүгінгі күннің кезекті жұмыста-  
рын ұштастыра жүргізуде.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы кол-  
хоздары мен совхоздары барлық ауылшару-  
ашылық дақылдарынан мол өнім алудың  
нелер жаңа жолдары мен әдістерін қол-  
дануда, агротехникалық қолайлы шара-  
ларды деркесінде жүзеге асыруда. Мұның  
өзі жылма-жыл өзінің тиісті нәтижесін  
беріп келеді. Егін өнімін арттыру жо-  
лындағы осындай шаралардың бірі—кә-  
зірден бастап зябь жыртуды кеңінен өріс-  
тетуге және бұл жұмыс жөніндегі жо-  
спарды мерзімінде орындан шығу болып са-  
налады.

Бірақ, жергілікті жерлерден түсіп жат-  
қан хабарларға, сол сыяқты, облыстық  
ауылшаруашылық басқармасы мен сов-  
хоздар тресінің мәліметіне қарағанда, об-  
лысымыздың көп колхоздары мен совхоз-  
дарында зябь жыртудың өрістетілуі, күні  
бүгінге дейін сылбыр. Осының салдары-  
нан күні бүгінге дейін колхоздарда зябь  
жырту жо-спарының орындалуы 9 про-  
центтен аздап қана асады. Зябь жырту-

жыртуда кездесін отырған баяулықты  
және жұмыстың атқарылуындағы кейбір  
сапасыздықты шұғыл жоюға міндетті. Ол  
үшін ең алдымен МТС және совхоз бас-  
шыларынан зябь жыртуға жо-спарланған  
барлық тракторлардың толық жұмысқа  
қосылуын қамтамасыз етуді талап ету  
қажет. Көп реттерде МТС және совхоз  
басшылары жұмысқа қосылған трактор-  
лардың санына мән болады да, оларға бе-  
рілген тапсырманың әрбір сменанда мұл-  
тіксіз орындалуына жете мән бермейді,  
жекелеген бригадалардың және трактор-  
шылардың тәуліктік және сменалық тап-  
сырманы толық орындап отыруын күнбе-  
күнгі бақылауға алмайды. Бұл мүлдем  
төзігісіз жағдай. Бұл жерде зябь жырту  
жөніндегі тәуліктік тапсырмалар әрбір  
бригадада сөзсіз орындалып отырсын де-  
ген қорытынды жасау керек.

Зябь жырту жөніндегі тәуліктік және  
сменалық тапсырмалардың сөзсіз орын-  
далуы көп реттерде тракторлар мен жеке  
тракторшыларға техникалық көмектің  
деркесінде көрсетілуіне байланысты. Чи-  
стя, Калинин атындағы, Пушкин атында-  
ғы МТС-терде жұмыс үстінде бүлінген  
тракторларға кезінде техникалық көмек  
көрсетілмейді. Бұған ешбір төзім болмасқа  
тиіс.

Жоғарыда зябь жыртудың басқа да  
ауылшаруашылық жұмыстарымен ұшта-  
стырыла жүргізілуі қажет екендігі жөнін-  
де сөз болды. Әрине, бұл өзінен-өзі ат-  
қарылатын, әрі оңай іс емес. Барлық  
ауылшаруашылық жұмыстарын ұшта-  
стыра жүргізу үшін әрбір колхоз, совхоз  
және МТС басшыларынан икемділік, ше-  
берділік және шапшаңдылық талап еті-  
леді. Мұндай икемділіктің бір түрі—  
күндіз егін жыйнауға жүрген трактор-  
ларды түнге қарай дереу зябь жыртуға  
қосу және ол тракторлардың тракторшы-  
ларының сменалық тапсырманы сөзсіз  
орындауына жетіуге болып табылады.

Егін өнімін арттырудың аса бір маңыз-  
ды шарты—зябь жырту жо-спарының  
сөзсіз орындалуы күресін ұйымдастыруда  
партия және комсомол ұйымдарына, олар  
гаранынан бөлінген үгітшілерге зор міндет-  
тер жүктеледі. Бұлар зябь жыртуға қат-  
тыстырылған тракторшылар мен егінші-  
лер арасында социалистік жарыстың нәти-  
жесінде өрістетуге, үгіт-көшілік жұмыс-

## Облыс еңбекшілері партиямыз бен үкметіміздің тың жерлерді онан әрі игеру жөніндегі қаулысын жүзеге асыру күресінде

### Совхоздар қосымша тың игеруде

Облысымыздың астық совхоздарының  
жұмысшылары мен қызметкерлері СОКП  
Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер  
Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін  
тың және тыңайған жерлерді онан әрі  
игеру туралы» қаулысын зор еңбек өр-  
леуі үстінде қарсы алды. Облысымыздың  
тың жерлерін игеруге келген патриоттар  
партия мен үкмет алға қойған қосымша  
тың жерлерді игеру сыяқты жауапты  
міндетті аброймен орындауға бірауыздан  
тілек білдірді.

Булаев, Маленков атындағы астық сов-  
хоздарының коллективтері тың игерудің  
жо-спарын артығымен орындады. Жо-спар-  
дан тыс мыңдаған гектар тың көтерді.  
Сол сыяқты, Жданов атындағы совхоз-  
дың жұмысшылары да жо-спардан тыс  
1500 гектар жаңа жерлерді игеріп, пар-  
ды күту жұмыстарын қызу жүргізуде.  
Совхоздың алдыңғы қатарлы механизатор-  
лары Виктор Панин, Николай Пухно,  
Алексей Жуков және басқалары сменалық  
нормаларын үнемі асыра орындауда.

Совхоздардың коллективтері партия  
мен үкметіміздің қосымша тың жерлерді  
игеру туралы қаулысын бірауыздан ма-  
құлдап, онан жауап ретінде көтеріңкі  
міндеттемелер қабылдауда. Дзержинский  
атындағы совхоздың механизаторлары ке-  
лесі жылдың егісі үшін 18 мың гектар  
тың көтерген болатын. Олар тағы да  
жо-спардан тыс мың гектар тың игеруге  
міндеттенді. Кәзір механизаторлар осы  
алған міндеттемелерін орындау жолында  
қажырлықпен еңбек етуде.

**А. САРСЕНОВ.**

### Еңбек қыза түсті

Октябрь ауданындағы «Победа» ауыл-  
шаруашылық артелінің колхозшылары  
СОКП Орталық Комитетінің февраль-март  
Пленумының жаңа жер игеру есебінен  
астық өндіруді арттыру жөніндегі қау-  
лысын зор қуанышпен қарсы алды.

Тың және тыңайған жерлерді игеруде  
Коновалов МТС-нің Кекселы жолдас бае-  
қарған комсомол-жастар бригадасы алда  
келеді. Өткен жылы бригада механизатор-

Коммунист Әлімбаев жолдасын трактор  
бригадасының бригадирі болып жұмыс іс-  
тегіне быйыл 18 жыл. Осы мерзім  
ішінде ол өз ісінің шебері екендігін көр-  
сетті. Өткен жылы Ильич МТС қамтуын-  
дағы Аманжолды атындағы колхозда жұ-  
мыс істеп, жылдық трактор жұмысының  
жо-спарын толық орындаумен бірге, 35  
центнер жанар, жағар майларын үнемі-  
ген еді.

Бригада мүшелері сол жылғы қол жет-  
кен табыстарын баянды ете отырып,  
СОКП Орталық Комитетінің февраль-  
март, июль Пленумының жаңа жер игеру  
есебінен астық өндіруді арттыру жөнін-  
дегі қаулысын зор қанағаттанғандық се-  
зіммен қарсы алды. Бригада үстіндегі  
жылы жаңа жерлерді игеру жөніндегі  
жо-спарды мерзімінен бұрын артығымен  
орындауға міндеттенген еді. Олардың сө-  
зіне ісі сай болды. Алған міндеттеме а-  
броймен орындалып келеді.

Көктемгі егіс кезінде бригада 220 гек-  
тардың орнына, 450 гектар тыңнан жер  
көтерді. Ал, көктемгі жұмыс жо-спарын  
160 процент орындады. Сөйтіп, МТС-тің  
ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Біз бұған масаттанбадық,—дейді брига-  
дир Әлімбаев жолдас.—Бригаданың ал-  
дында үлкен міндет тұрды. Келесі жыл-  
дың егісіне тың және тыңайған жерлер-  
ден 1400 гектар шар дайындауға мін-  
дет болды. Тракторшылар өзара социалис-  
тік жарысқа ұштаса отырып, белгіленген  
тапсырманы мерзімінен бұрын, жоғары  
агротехникалық ережелерге сәйкес оры-  
ндауға жұмыла кірісті. Техника қуатын  
өнімді пайдаланудың нәтижесінде бригада  
июль айының бірінші жартысында 1400  
гектардан астам тың және тыңайған жер  
игерді. Сөйтіп, пар дайындау жұмыс  
жо-спарының қолайлы мерзімде, артығы-  
мен орындалуына жетісті.

### Тағы да 20 мың гектар тың көтермек

Совет МТС-нің механизаторлары  
тың көтеру күресін онан әрі жүргізе  
беру жөніндегі партия мен үкметтің ша-

Жас механизаторлар Нурукин, Нұрма-  
нов жолдас «С-80» тракторымен әрқайсы-  
сына 10-12 гектардан жер жыртып,  
тапсырмаларын үнемі 125-150 процент-  
тен орындап жүр. Олардан тракторшы  
Жайлаубаев жолдас та қалысқан жоқ. Ол  
«ДТ-54» тракторымен өзінің күндік тап-  
сырмасын үнемі толық және артығымен  
орындап, көптеген жанар, жағар майла-  
рын үнемідеу. Мұндай көрсеткіштерге  
ие болып жүрген механизаторлар аз емес.  
Олардың барлығы да өздерінің қажырлы  
еңбектерімен жұртшылықтың зор күрме-  
тіне бөленуде.

Көктемде жыртылған жаңа жерлердің  
450 гектарына бидай егілді. Егін бітік  
өсті. Бұл үлестіктен астық ерекше көп  
бастырылуда. Әрбір гектардан 20 цент-  
нерден өнім алу үшін бригада да еңбек  
күн сайын қыза түсуде. Кәзір механизатор-  
лар егін жыйнауды 20 жұмыс күні  
ішінде аяқтау үшін күресуде.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Ми-  
нистрлер Советінің «Астық өндірісін арт-  
тыру үшін тың және тыңайған жерлерді  
онан әрі игеру туралы» қаулысы бригада  
механизаторларының еңбекке деген ынта-  
жыгерін арттыра түсті. Олар өздерінің  
күш-мүмкіншіліктерін есептей келіп,  
тыңнан зябь дайындау жұмысының жо-  
спарын мерзімінен бұрын, асыра орындау-  
ға міндеттенді. Алған міндеттемені жүзе-  
ге асыру мақсатымен социалистік жарыс  
туын жоғары ұстай отырып, еңбек өнім-  
ділігін арттыруда. Кәзірдің өзінде 200  
гектарға жуық зябь жыртылды.

—Партия мен үкмет алға қойған тың  
және тыңайған жерлерді онан әрі игеру  
жөніндегі айбынды міндетті аброймен  
орындауымызда,—дейді Әлімбаев жол-  
дас,—сөз жоқ.

**З. ҚАСКЕЕВ.**

Ленин ауданы. (Арнаулы тілшіміз).

### Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

### Картоптен мол өнім алу

Картоп шаруашылығының ғылыми-зерт-  
теу институтының директоры Чмора жол-  
дас Литва ССР, Қырғыз ССР, Хабаровск  
өлкесі, Новгород, Белгород, Курган және  
басқа облыстардың экскурсияшыларына  
арнап, картоп шаруашылығындағы ғы-  
лымның табыстары мен озық тәжірибелер  
туралы лекциялар оқыды. Ол мынаны  
хабарлады, быйылғы жылы күзге дейін  
өнеркәсіп әртүрлі топырақты аймақтарда  
жұмыс істеуге арналған картоп жыйнай-  
тын комбайнның үш түрінін бірнеше  
мыңын жасап шығарады. Әрбір комбайн-  
мен күніне 3—4 гектар картоп жыйнау-  
ға болады. Бұл машиналарды қолдану ең-  
бек шығынын бес есе кемітеді.

Баяндамашы кәзіргі кезден бастап,  
картоптың болашақ өнімін жасау қажетті-  
гін атап көрсетті. Тұқымдық материал-  
дарды әзірлеуге ерекше көңіл бөлу қажет.  
Мұның үшін мейлінше мол өнімді үлесті-  
ктен картопты іріктен алған жөн. Зерт-  
теулер мынаны көрсетті: 100 грамм кар-  
топ түйірін егу салмағы 30—40 грамм  
үзақ картоп түйірін егумен салыстырған-  
да картоптың өнімін гектарына 60—70  
центнер арттырады. Бұдан топырақ егер  
салмағы 50 граммнан 80 граммға дейін кар-  
топ түйірін салғанда картоп отырғы-  
затын машиналардың өнімі мейлінше жо-  
ғары болатындығын да еске алу қажет.

Сорттарды іріктен алуын да аса зор  
маңызы бар. Аудандастырылған сорттарды  
басқалармен салыстырғанда өнімді 40  
процент және онан да артық көп береді.  
Бұған қоса ауылшаруашылық артельдері  
картоптың үш сортын—ерте пісетін,  
орта кезде пісетін және кеш пісетін сор-  
тарын дайындайды. Мұның өзі колхоздар-  
да күзде жұмыстың қауырт болуын бәсең-  
детеді, қалаларды картоппен жабдықтау  
ісін жақсарта түседі.

Картоп шаруашылығының шеберлері  
елімізде картоптан мол өнім өсіруді ұй-  
ренді. Олар бұған көп жағдайларда егіс-  
тік жерге тыңайтқыштарды жақсы енгізу  
нәтижесінде жетіп келеді. Институт жүр-  
гізген тәжірибелер мынаны көрсетті. Қу-  
нарлылығы аз топырақты жердің әр гек-  
тарына 30—40 тонна шымтезек-шірінді  
үгіттеу оңтүстік бір өкі...



Соколов, Колдунов, Петропавл, Интернационал, Чистян сыякты бірнеше МТС-тердің қамтуындағы колхоздар кешіргісіз артта қалып келеді. Өйткені, бұл шаруашылықтардың басшылары зябь жырту сыякты маңызды жұмыспен күні бүгінге дейін жете шұғылданбай отыр. Ал, зябь жыртуды қызу қарқынмен жүргізуге әбден мүмкіншілігі бар Сартмар МТС-інде де істің жайы нашар. Мұнда жоспардың оннан бір бөлегі ғана орындалды. Сөйтсе тура МТС директоры Макаров жолдас колхоздардағы зябь жыртуда қосылуда тиіс барлық тракторлардың іске пайдаланылуын қамтамасыз етпей жүр. Онда тың жерлерді игерудегі алғашқы табысқа төкпейілушілік сезіледі.

Зябь жыртуды кеңінен өрістетуге және жоспарды мерзімінде орындау жөнінде сөз болғанда, жұмыстың сапасын да ескеру қажеттігін ұмытпау керек. Соған қарамастан, көп шаруашылықтарда қарқын баяу болумен бірге, зябьті жыртуды жұмыстың сапасыз атқарылуына жол берушілік фактілері бар. Мұндай фактілер Соколов, Конохов және Мамлют аудандарының жекелеген колхоздарынан кездесіп отыр.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қарарларында зябь жырту жоспарын мерзімінде орындау және жыртылғал зябьті дұрыс баптап-күту талап етілді. Өйткені, бұл ауыл шаруашылығының негізгі саласы—егін шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы бірден-бір қолайлы шара.

Сондықтан, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық орындары зябь

сын әсерлі жүргізуге, жұмыста үздік келе жатқан алдыңғы қатарлы механизаторлар мен егіншілердің озат тәжірибелерін жұртшылық игілігіне айналдыруға, жұмыс талсырмасын орындамаған, немесе жұмыста ақау жіберген адамдарды жұртшылық талқысына салуға тиіс. Бұл мақсат үшін олар трактор және егін бригадаларындағы қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың жұмысын жаңадандыратын, оларта озат тәжірибелерді кеңінен, әрі байыпты жазатын, ал, жұмыста кездескен артта қалушылық пен ақау жіберушілікті батыл және жеріне жеткізе сынап отыратын болуы керек.

Облыста зябь жыртудың өрістеуі сыт-быр болғанымен, бұл жұмысты өрістете жүргізіп отырған шаруашылықтар да жоқ емес. Бұл жөнінде олардың зор үлгісі бар. Ал, үлгі күші — алып күш. Ол күш ауыл-село еңбекшілерін жұмысқа кездесіп отырған шаруашылықтарды дереу жою ісіне, жұмысты қарқынды әрі тереуірінді ұйымдастыруға жұмылдырады. Міне, зябь жырту жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске егіншілерді жаннай жұмылдыру ісінде партия және комсомол ұйымдары мен шаруашылық басшылардың ескеретін ендігі бір мәселесі осы. Сонымен бірге олар барлық егіншілер сыякты, зябь жыртушы механизаторлар мен егіншілердің де күнбе-күні тұрмыстық қажетінің тығыздығын өтелуін қадағалауға тиіс.

Келесі жылы егіннен мол өнім алудың негізі—зябь жыртуды кеңінен өрістетіп, бұл жөніндегі жоспарды мерзімінде орындау жолындағы социалистік жарыс туына жоғары ұстайық!

### Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың тәжірибесі өндірісте қолданылуда

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Шортанды ауданының Мануильский атындағы колхозының малшылары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың тәжірибесін өндірісте қолдануда. Ферма жанында ұйымдастырылған лекторий сауыншыларды, бұзау өсірушілерді және бақташыларды Москва іргесіндегі колхоздардың, Архангельск облысының, Украинаның ауылшаруашылық артелінің озат товарлы бұт фермаларының тәжірибесімен таныстырды.

Москва облысының Сталин атындағы колхозы малшыларының үлгісі бойынша фермала екі кезектік жұмыс тәртібі өткізілді. Москва облысының Сталин атындағы колхозының сауыншысы Социалистік Еңбек Ері К. Лоценованың тәжірибесі бойынша Шортанды сауыншылары өздерінде малды жеке-жеке азықтандырудың мөлшерін енгізді. Олар зоотехникпен бірлесіп отырып, малға берілетін азық мөл-

шерін әр малдың тірідей салмағына, жасына және өнімділігіне қарай белгіледі. Жемшөп тек қана өлшеніп беріледі. Жемшөп әзірлейтін цех жұмыс істейді. Осының өзі ғана бір тәулікте сауылатын сүттің орта мөлшерінің тең жарымына дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Сумы облысының Ленин атындағы колхозының сауыншысы Социалистік Еңбек Ері Мария Савченконың берген кеңесі бойынша малға берілетін азық мөлшерінде витаминді балғын жемшөптің ара салмағы көбейтілді. Сауын малы қауіпсізден мен, концентратпен де азықтандырылады. Әрбір сыйырға 6 тоннадақ шөп сүрленді.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың тәжірибесі мұнымен қатар Ақмола ауданының Микоян атындағы ауылшаруашылық артелінің, облыстың басқа да колхоздарының товарлы сүт фермаларында енгізілуде.

### АСТЫҚ — МЕМЛЕКЕТКЕ

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Жетісудың ондаған колхоздары мемлекетке астық сатуда. Панфилов ауданындағы Каганович атындағы артель тұтынушылар кооперациясының қоймаларына 18 мың пұт бидай тасыды. Колхоз мемлекеттік қоймаларға астық түсімінің тең жарымдайын тасырды, өзін тұқыммен толық қамтамасыз етті, мал азығындық жем қорын

құйды. Артель мүшелеріне әрбір еңбеккүнге 3 килограмнан астық беру белгіленді. Киров ауданының Ленин атындағы колхозы мемлекетке 12 мың пұт астық сатты.

Мұнымен қатар Талдықорған, Қаратал және басқа аудандардың көптеген колхоздары мемлекетке астық сатуда.

жұмыстың трактор жаратылының жоспарын мерзімінен бұрын 110 процент етіп орындаған еді. Мұнымен бірге жүздеген килограмм жанар және жағар майлары үемделді. Социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, тракторлардың қуатын іскерлікпен пайдаланудың нәтижесіне бригадала механизаторлары көктемгі егіс жұмысын 18 жұмыс күні ішінде аяқтады. 950 гектар жерге егін егілді. Оның 290 гектар тың жеріне бидай себілді.

Бұл күндері жас механизаторлар СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы» қаулысын қарсы алып, өздерінің тыңнан зябь дайындау жөнінде алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

В. НИКОЛАЕВ.

жұмыстың зор қуатын қарсы алды. Олар тың және тыңайған жерлерді көптеп игеру— астық өндірісін шұғыл өріскендетудің негізгі жолы екенін өздерінің бйылғы жылғы іс тәжірибелерінен айқын көрді. МТС-тің Погуляев жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері көктемнің алғашқы күндерінде Молотов атындағы колхозда 700 гектар тың жеріне, оған жаздық бидай тұқымын сеппекен болатын. Колхоз бұл егінді оруға кірісті. Оның әрбір гектарынан үш-төрт центнер өнім бұрыннан пайдаланылып келе жатқан жерге егілген егіннен артық алынууда.

МТС механизаторлары СОКП Орталық Комитеті февраль, март Пленумының қаулысын орындай отырып, тың және тыңайған жер жырту жоспарын мерзімінен бұрын орындап шыққанды. Олар бы-

ткені, Попов жолдасардың басқаратындағы трактор бригадаларының мүшелері «Бөктерек», «Аралғаш», Молотов атындағы, «Борьба за коммунизм» колхоздарында жоспардан тыс жүздеген гектар тың көтерді.

МТС механизаторлары СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы» қаулысына жауап ретінде МТС қамтуындағы колхоздарда тағы да 20 мың гектардай тың көтеруге міндеттеме алды. Олар алған міндеттемелерін орындау күресіне ұйымшылдықпен кірісі. Қазіргі уақытта барлық трактор бригадалары тың және тыңайған жерлерді жырту жұмысын қызу қарқынмен жүргізуде.

С. БОЛАТОВ.

картон өнімін екі еседей арттырады. Бартоп өсірудің озаттары Социалистік Еңбек Ері В. И. Дианова (Москва облысы), В. А. Суева (Свердлов облысы), Е. Г. Лалетина (Киров облысы) және басқалары тыңайтқышты жыртқан жерге таппа емес, сонымен қатар — картон түйіндерін отырғызған кезде де енгізеді.

Картон өнімін арттырудың аса маңызды сырының бірі—картон егу мерзімін мұқият қадағалау болып табылады. Бартоп отырғызуды механикаландыру, оны қысқа мерзімде өткізуге, сөйтіп, картонның шығымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

(СОТА).



# Туған елімізде



### Жоғары оқу орындары оқу жылы қарсаңында

Жоғары оқу орындарында емтихан тапсыру аяқталды. Университеттер, институттар мен академиялардың бірінші курстарына 440 мың студент қабылданды.

Москваның М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің 12 факультетіне 3 мыңнан аса жігіттер мен қыздар қабылданады. Жаңа оқу жылынан бастап жер қырғысы факультетінің студенттері университеттің Ленин тауларындағы үйінде сабақ бастайды. Олар үшін лабораториялар, оқу кабинеттері, агро-ботаникалық бақшалар жасалған.

Москваның Н. Бауман атындағы жоғары

техникалық училищесіне екі мыңға жуық студенттер қабылданды. Москва тамақ өнеркәсібі технологиялық институты мен жаңадан ашылған Бүкілодақтық сырттан оқығатын тамақ өнеркәсібі институты 1500 адам қабылдайды.

Жастар ауылшаруашылық мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындары мен факультеттерде оқу үшін ынталана түсуде. 99 ауылшаруашылық жоғары оқу орындарына 10 мыңдаған жігіттер мен қыздар қабылданып болады.

(СОТА).

### Болашақ теңіздің жағасында

НИКОЛЬ, 20 август. (СОТА). Бұл жазда қаланың жағалаулық бөлігі бүтіндей өзгеріп кеткен. Днепрдің ар жағына тік тас қырдан үлкен тоған көтерілді. Бұл өзіне болашақ Каховка теңізі толқындарының соққысын қабылдайды. Көлденең тоған салудың алғашқы жобасы бойынша жағалаудағы бірсыпыра өнеркәсіп пен тұрғын үйлер көшірілуге тиіс еді. Бұл сыяқты қиындыққа ұшырамау үшін құрылысшылар жаңадан батыл жоспарды іске асыруда. Төрт километрге созылатын тоғанның жартысы өзеннің сағасымен жүргізіледі. Оның су астындағы бө-

легі үшін көзірдің өзінде 150 мың тонна гранит қаланды, 600 мың текшеметр жердің топырағы шығарылды. Қала маңындағы тоғанның жартысы көзір толық дайын. Оның биіктігі жобада көрсетілгендей — 19 метр.

Кеше Фелько жолдасының озат тас төсеушілер бригадасы су астындағы бөлікті құрылыстың жағалық бөлігімен түйдіретінді. Мұнымен қатар, Еременко жолдасының бригадасы Каховка теңізіне су айдатын екі насостық станцияның алғашқысының құрылысына кірісті.

### Ленинградтықтар—Куйбышев су құрылысшыларына

ЛЕНИНГРАД, 20 август. (СОТА). 21 августа үкметіміздің Куйбышев су электр станциясының құрылысы туралы қарарының жарияланғанына төрт жыл толды. Бұл сыяқты ірі су құрылысын салуға Ленинград машина жасаушылары белсене қатысуда. Сталин атындағы және С. М. Киров атындағы «Электросила» металл заводтарының коллективі бйылғы жылы әрқайсысы 120 мың киловаттық үш қуатты су агрегатын жасады. Көзір бұл өндіріс орындарының цехтарында

Куйбышев су турбинасы мен генераторының төртіншісін дайындап шығару ісі аяқталып келеді. Сталин атындағы заводтың турбина жасаушылары Куйбышев су құрылысына төртінші машинаның бағыттаушы аппаратын жіберді. Бұл күндері тәжірибелі мастерлер Г. Бугров пен В. Лемисовтың бастауымен М. Бергердің слесарьлар бригадасы бұл турбинаның 450 тонналық доңғалағын құрастыруды аяқтап келеді.



СТАЛИНГРАД. Қалада үлкен құрылыстар жүргізілуде. Үстіміздегі жылы 200-ден аса тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс мекемелерінің 50 үйі пайдаланылуға беріледі.

СУРЕТТЕ: Байланыс үйінің құрылысы.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### ЕГІН ОРУДЫ АЯҚТАДЫ

ОРДЖОНИКИДЗЕ, 20 август. (СОТА). Солтүстік Осетия АССР-нің ауылшаруашылық артельдері мен совхоздары күзгі егісті оруды қысқа мерзімде аяқтады. Орақ пен астық бастыру өткен жылмен салыстырғанда 10 күн ерте бітті.

Бұл жетістікке жетуде машина техникасын өнімді пайдалану жолындағы жарыс айтарлықтай әсерін тигізді. Әрбір екінші механизатор егін орағында еменалық нормасын күн сайын асыра орындап отырды.



Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде. СУРЕТТЕ: Өзбек ССР павильонының шайханасы.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### ҚАРАҒАНДЫ ШАХТЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕГІ ЖАҢА ТАБЫСТАРЫ

ҚАРАҒАНДЫ, 20 август. (СОТА). Шахтерлер Күнін лайықты табыстармен қарсы алу жарысында Қарағанды кеншілері еңбекте жаңа жеңістерге ие болуда. Бүгін сегіз айлық өндірістік программаңың мерзімінен бұрын орындалғаны туралы № 12, № 17-БИС және Горбачев атындағы шахталардың коллективі рапорт берді.

Көзір бассейндегі әрбір үш шахтаның біреуі жоспардан тыс көмір өндіруде.



# П А Р Т И Я Т У Р М Ы С Ы

## Партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі жоғары болсын

Облысымыздың барлық ауыл шаруашылығы еңбекшілері сыяқты Преснов МТС-нің механизаторлары, оның қамтуындағы колхоздардың егіншілері егін орағына қызу қарқынмен кірісті. Көзір олардың алдында егін жыйнау, Отан алдындағы бірінші парыз — мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтау міндеттері тұр.

Мұндай жауапты, әрі абрейлы міндетті ойдағыдай жүзеге асыру партия ұйымдарынан механизаторлар мен егіншілер арасындағы партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін анағұрлым жақсартуды талап ететіні сөзсіз.

Бірақ, МТС партия ұйымы бұл талаптар дәрежесінде жұмыс істемеді. МТС-тің қамтуындағы бірқатар колхоздардың партия ұйымдары егін орағы басталғанға дейін саяси-бұқаралық жұмыстардың жоспарында жасамады. Тіпті кейбір партия ұйымдары партия жыйналысын өткізіп, онда егін орағы кезіндегі партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстары жөнінде мәселеде қарамды.

Маленков атындағы, Сталин атындағы, «Сталин жолы», «Новый свет» және басқа колхоздардың партия ұйымдары егін орағы басталғанша механизаторлар мен егіншілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстың жоспарын жасаған жоқ. Аталған партия ұйымдары үгіт коллективінің құрамын қолынан іс келетін, білімді, тәжірибелі үгітшілермен толықтырмады. Олармен семинар мезгілінде өткізілмеді.

МТС-тің үгіт коллективінің құрамында 21 үгітші бар. Олардың тек біреуінің ғана жоғары, бесеуінің орта білімі бар. Ал, қалған 16 үгітшінің білімі бастауыш мектеп көлемінде ғана. МТС партия ұйымы, оның секретары Назарин жолдас үгітшілер құрамын іріктеп алуға жете көңіл бөлмеді. Мұның өзі іске көп кемшілік келтірді.

МТС, колхоз партия ұйымдары саяси үгіт жұмыстарына қолда бал көрнекі құралдарды да дұрыс пайдаланбай келеді. Егін орағын қысқа мерзімде аяқтауға шақырған әртүрлі тақырыптағы драңдар бірқатар уақытқа дейін дала қостары мен трактор бригадаларына жіберілмей, Назарин жолдасын столында жатты.

Бригадаларда кабырға газеттері, жауынгерлік листоктар мезгілінде шығарылмайды. Газет беттерінде өзг. механизаторлардың жұмыс үлгілері насихатталып, істегі кемшіліктер батыл сынға алынбайды. Ал, кабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың бетінде аңда-саңда бір көрінетін кейбір сын мақалалар бригаданың өндірістік жыйналысында талқыланып, аяқсыз қалады.

Партия ұйымдары механизаторлар мен егіншілер арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, оғаш уақытылы қорытынды жасап отыруға да жете көңіл бөлмеді.

Мезгілінде толтырылып тұрмайды.

МТС-тің қамтуындағы «Сталин жолы» колхозының егістік даласында жұмыс істейтін комбайншы Майер жолдас «Сталинец—4» комбайнымен күн сайын 10 гектардың орнына 30-35 гектардың егін орады. Сол сыяқты, осы МТС-тің қамтуындағы Маленков атындағы колхозда жұмыс істейтін Соколов жолдас та «Сталинец—6» комбайнымен 30 гектарға дейін егін орып, көптеген жағар, жаңыр майларын үнемдеуде. Туысқан Украинадан егін жыйнау жұмыстарына көмектесуге келген комбайншы Гриценко жолдас та бұлардан қалар емес. Ол смена сайын 25—30 гектардың егінін орады.

Озат комбайншылардың сменалық нормаларын үнемі асыра орындауы МТС қамтуындағы бірқатар колхоздарда қара бидайды оруды 10 августқа дейін аяқтауға, сөйтіп, мемлекетке астық тапсырудың бірінші бескүндіктерінің жоспарын артығымен орындауға мүмкіндік берді. Мәселен, Сталин атындағы колхоз бірінші бескүндікте 150 центнердің орнына мемлекетке 546 центнерден астам астық тапсырды.

Бұған керісінше «Прибой» колхозында жұмыс істейтін № 13 трактор бригадасы бригадирінің көмекшісі коммунист Я. Батырев, бригаданың есепшісі, коммунист П. Батырев жолдас өз жұмыстарына нежесті қарайды. Механизаторларға жұмыс үстінде ешқандай нақтылы көмек бермейді. Сол сыяқты, «Сталин жолы» колхозының агрономы, коммунист Кунгурцев, МТС-тің ауыл шаруашылығы машиналары жөніндегі механигі Назаров жолдасар бригадаларда тым сирек болады. Ондағы жағдайды жете білмейді.

СОБП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы әрбір комбайн агрегатының жұмысын бақылауға алып, партия және совет активінен әрбір 3—5 комбайнға ұйымдастырушылар бөлуінің, сөйтіп, комбайндардың тоқтаусыз және мейлінше оңтүстік жұмыс істеуін қамтамасыз етуінің қажеттігін атап көрсетті.

Аудандық партия комитеті партия, совет активінен комбайн ұйымдастырушыларын іріктеп алуға қанағаттанғысыз ұйымдастырды. Комбайн агрегаттары ұйымдастырушыларын іріктегенде адамдардың қолынан іс келетіндігіне, тәжірибесіне жете көңіл бөлінбей, олардың санын толтыруға көбірек көңіл бөлінді.

Преснов авторотасының қызметкері коммунист Евсеев жолдас Хрущев атындағы колхозда комбайн ұйымдастырушысы болып істейді. Ол өзінің қандай жұмыспен шұғылданыатынын жете білмейді. Комбайн агрегаттарында сирек болады. Агрегат мүшелері арасында ешқандай саяси-бұқаралық және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізбейді. Сол сыяқты, Воронцов атындағы колхоздағы комбайн агрегатының ұйымдастырушысы Комарин

аймағындағы тобы комбайн агрегатының ұйымдастырушыларына көзір қандай жұмыстар жүргізетіні жөнінде нақтылы нұсқау-кеңестер бермеген. Міне, сондықтан да, бірқатар комбайн ұйымдастырушылары өзінің не істерін білмей, көбіне әкімшілікпен айналысады. Жұмыс үстінде практикалық көмек бергеннен гөрі, жүре басшылық жасағанды жақсы көреді.

МТС қамтуындағы колхоздарда егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары қанағаттанғысыз жүргізілуде. МТС егін орауға толық ұйымдаспай, әзірліксіз кіріеті. Комбайндардың бірқатары деркезінде жөндеуден өткізілмеді. Ал, жөндеген комбайндардың өзі қосалқы бөлшектермен, жарықпен және басқа қажеттермен толық қамтамасыз етілмеді. Осы уақытқа дейін өзінің жүретін бір комбайн жұмысқа қосылмай, МТС-тің ауласында тұр.

Колхоздар жабық қырман салуды деркезінде аяқтамады. Салынуда тиісті жеті жабық қырман, жөндеуге тиісті 41 астық қоймасы көздің өзінде әзір емес. Әресе, «Сталин жолы» колхозында комбайндардан астықты қабылдау, оны тазалау жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Мұнда комбайннан келген астықты өлшеп алатын жауапты адам жоқ. Осы себепті, астық комбайннан өлшеусіз алынады. Мұндай төзгісіз жағдай колхоз партия ұйымының секретары Сатин, колхоз председателі Жолмұқанов жолдасарды қызықтырған емес. Бұл жолдасар комбайн агрегаттары мүшелеріне қоғамдық тамақ ұйымдастыруды «үсақ мәселе» деп қарап, оған ешбір көңіл бөлмей келеді. Дәл осындай жағдай «Новый свет» және басқа колхоздарда да орын алуа.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы секретары Бабкин жолдасын, тоңтың нұсқаушылары Черников және Батырев жолдасардың колхоз партия ұйымдарына көмегі аз. Олар бастауыш партия ұйымдарының секретарьларынан партиялық-саяси жұмысты жақсартуды, егіншілер мен механизаторларды мәдениетті қамтуы талап етпейді. Тоңтың қызметкерлері көбіне, кемшіліктердің куәсі болып, оны түзеуге көмектеспейді.

Механизаторлар мен егіншілер арасындағы партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарын бүгінгі күннің талабымен байланыстырып, оны идеялық жоғары дәрежеде жүргізген уақытқа ғана егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде, ысырапсыз аяқтап шығуға болады. Мұны МТС, колхоз партия ұйымдары жете ескеріп, саяси-бұқаралық жұмыстың дәрежесін анағұрлым жақсарту арқылы, әрбір механизаторлардың, әрбір егіншінің сменалық нормасын мерзімінде және асыра орындауына, техниканың үнемі пайдаланылуына жетісуге тиіс. Міне, сонда ғана, механизаторлар мен егіншілер



Шағлы МТС-нің тракторшысы комсомолец И. Яблонский пішін шабудағы үздік еңбегі үшін аудандық комсомол комитетінен мақтау грамотасын алды.

СУРЕТТЕ: И. Яблонский (сол жақта) өзінің смена ауыстырушысы И. Коцербеге мақтау грамотасын көрсетіп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Элеватор мен астық қоймалары

Жақында Петропавл қаласында ССРО дайындау министрлігінің «Петропавлэлеваторстрой» тресі ұйымдастырылды. Бұл трестің негізгі міндеті тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарында механикаландырылған элеваторлар және үлгілі астық қоймаларын салу.

Бұл күндері құрылыс учасіткерінде жұмыс қызу қарқынмен жүргізілуде. Жұмыстың алғашқы күндерінен бастап, еңбектің тамаша үлгісін көрсеткен құрылыс учасіткері де аз емес. Мысалға Мамлют құрылыс-монтаж басқармасы бастығы инженер-экономист Чершкович жолдас басқарған учасіткерге сменалық нормасын орындамайтын бірде-бір жұмысшы жоқ. Алдыңғы қатарлы арматуршы Н. Церковь, ағаш шебері С. Казанцев, тасшы В. Александров, асфальт төсеуші Дунаев тағы басқалары күндік нормаларын үнемі 220—250 проценттен орындап келеді.

Астық қоймаларын салу жұмыстары да тез жүргізілуде. Жұырда 3200 тонна астық сыятын қойма белгіленген мерзімнен әлде қайда бұрын жабдықталып, пайдалануға берілді. Сол сыяқты, үш астық қоймасының жұмыстары да аяқталып келеді. Жақын арада бұлар пайдалануға берілімек.

Бұлаев, Қарақоға станцияларында астық қоймаларын салу жұмыстары қызу жүргізілуде. Көздің өзінде бұл құрылыстардың негізгі корпустарын монтаждау жұмыстары аяқталып келеді. Петропавлда және Мамлют станциясында

## Омск темір жолының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жетекші мамандықтағы қызметкерлерін, жоғары, аға және орта басшылары құрамын ордендермен және медальдармен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

(Жалғасы. Басы «Ленин туының»

21 августағы нөмерінде).

18. Грязнов Александр Иванович — Петропавл учасіткерінің шөзд-вагон мастері.

19. Девяткина Мария Георгиевна — Петропавл бөлімшесі локомотив бөлімінің стрелочнигі.

20. Донцов Петр Васильевич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

21. Доршенко Михаил Евдокимович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

22. Ерманов Николай Константинович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

23. Жарних Федор Никитович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

24. Калинин Иван Иванович — Петропавлдың хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

25. Клименко Петр Ефремович — Петропавл жол дистанциясының жол мастері.

26. Коваленко Петр Иванович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

27. Козлов Александр Артемьевич — Петропавлдың хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

28. Коркин Дмитрий Петрович — Петропавл жол дистанциясының бригадирі.

29. Крелев Яков Степанович — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

30. Кравченко Иван Васильевич — Петропавлдың хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

31. Кривоногов Егор Иванович — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

32. Криулин Николай Николаевич — Петропавл станциясы тораптық партия комитетінің секретары.

33. Кузнецов Алексей Андреевич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

34. Кузнецова Александра Степановна — Петропавл станциясының стрелочнигі.

35. Кузнецов Федор Ефимович — Петропавл резервінің бас кондукторы.

36. Лавринов Дмитрий Андреевич — Петропавл жол дистанциясының бригадирі.

37. Лесовой Радион Иванович — Петропавл бөлімшесі тоқазытқыш транспорттың ревизоры.

38. Логинов Василий Семенович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

39. Лошкарев Сергей Трофимович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

40. Лычкин Филипп Павлович — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

41. Ляхова Зинаида Григорьевна — Петропавлдың хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

Петропавл бөлімшесі саяси бөлім бастығының орынбасары.

52. Онушева Анна Александровна — Петропавлдың кондукторлар резервінің аға бухгалтері.

53. Остапенко Степан Афанасьевич — Петропавл жол дистанциясының бригадирі.

54. Парусов Сергей Федорович — 131 километрдегі айналым пункті станциясының кезекшісі.

55. Петров Александр Гаврилович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

56. Петрушин Никифор Игнатьевич — Жолдық машина станциясының жабдықтау бөлімінің бастығы.

57. Пискина Варвара Петровна — Петропавл бөлімшесі локомотив бөлімінің стрелочнигі.

58. Резниченко Марфа Михайловна — Петропавл станциясының стрелочнигі.

59. Рубан Михаил Маркович — Петропавл учасіткері шөзд-вагон мастері.

60. Сапрыгин Григорий Тимофеевич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

61. Сафронев Михаил Васильевич — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

62. Сафронов Сергей Васильевич — Петропавл жол дистанциясының көпір байқаушысы.

63. Селезнев Иван Иванович — Петропавл учасіткері шөзд-вагон мастері.

64. Семенов Федор Иванович — Петропавл учасіткері шөзд-вагон мастері.

65. Симонов Александр Сидорович — Петропавл учасіткері шөзд-вагон мастері.

66. Смолков Василий Андреевич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

67. Смотров Алексей Сергеевич — Петропавл учасіткері шөзд-вагон мастері.

68. Сотниченко Александр Федорович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

69. Степур Василий Кузьмич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

70. Терьева Елена Алексеевна — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

71. Толмачев Ефим Петрович — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

72. Усатов Андрей Архипович — Петропавл учасіткері шөзд-вагон мастері.

73. Фролов Иван Николаевич — Петропавл учасіткері шөзд-вагон мастері.

74. Хазов Иван Иосифович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

75. Чепуков Павел Федорович — Петропавл жол дистанциясының бригадирі.

76. Черепанев Павел Федотович — Петропавл жол дистанциясы жол колоннасының бастығы.

77. Шарипов Самат Шарипұлы — Петропавл паровоз депосының машинисі.

78. Шеременин Григорий Алексеевич —



тік жарыстың қорытындылары жазыла- тып арнаулы бюллетень мезгілінде шыға- рылмайды. Ал, мұндай бюллетень шыққан күннің өзінде, онда жекеленген комбайн- шылардың көрсеткіштері, жұмыс үлгіле- рі жазылмай, жалпы бригадалық көрсет- кіштер ғана жазылады. Бірқатар трактор бригадаларында көрсеткіш тақталар да

ков жолдас тұрмыста азғындығы, мақу- немдікке, ішкілікке салынған. МТС қам- туындағы бірқатар колхоздарда күні оры- уақытқа дейін комбайн ұйымдастырушы- лары жоқ. Ал, қалалық партия комитеті жіберген 10 комбайн ұйымдастырушысы- ның үшеуі ғана келді. Аудандық партия комитеті, оның МТС

жаңа еңбек табыстарына жұмыстарын, СОБП Орталық Комитетінің июнь Плену- мының қаулысы алға қойған міндеттері аброймен орындап шығуға болады.

**Б. УАҚБАЕВ,  
Ж. ҚЫЙЛЫБАЕВ,  
ҚКП облыстық комитетінің  
нұсқаушылары.**

### ӘЙЕЛДЕР СОВЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ- ДЕРІНІҢ СЕМИНАРЫ

Жуырда Соколов ауданы колхоздары- ның әйелдер Советі председателдерінің семинары болды. Оған ондаған адамдар қатысты. «Әйелдер советінің міндеті» ту- ралы баяндаманы Руденко, қосымша ба- яндаманы Буденный атындағы, Пушкин атындағы колхоздардың әйелдер Советінің председателдері Бривина және Елистратова жолдастар жасады.

Семинарға қатысушылар өздерінің іс- теген жұмыстары жөнінде пікір алысып, әйелдер Советі жұмысындағы кемшілік- тердің бегін алғты. Семинардың соңында сөйлеген аудандық партия комитетінің секретары Ташев жолдас әйелдер Советі- нің алдында тұрған міндеттерге тоқтал- ды. Семинар жоғары дәрежеде өтті.

СОБП Орталық Комитеті июнь Плену- мының қаулысы еңбекшілер арасында үгіт- көпшілік жұмыстарын жақсарту бер- ру ісінде ерекше мән беруді талап етті. Сондықтан бұл жұмысты ойдағдай жүр- гізу — колхоз партия ұйымдарының бү- гінгі таңдағы негізгі міндеті болып табы- лады.

Мұны түсіне білген «Совет» колхозы- ның бастаушы партия ұйымы (Совет ау- даны) егіншілер арасындағы үгіт- көп- шілік жұмыстарын бұрынғыдан да жақ- сарта түсті.

Үгітшілер тобы партия ұйымының жа- саған арнаулы жоспары бойынша жұмыс істейді. Онда әр үгітшінің қандай тақы- рыпта, қай уақытта, кімдермен еңгіме өт- кізуі, не баяндама жасауы толық көрсет- тілген. Бұл күндері үгітшілер механизаторлар мен колхозшылар арасында СОБП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді оған әрі игеру туралы» қаулысы бойынша әңгі- мелер өткізіп, баяндамалар жасауда.

Бұл колхоздың үгітшісі Михеев жолдас үгіт жұмысын белсене жүргізу арқылы жақсы көрсеткіштерге жетіуде. Совет МТС-нің комбайншылары Семенов, Фуфаев жолдастар «Сталинец-6» комбайн- нымен алғашқы бес күнде әрқайсысы 200 гектардан егін орып, өздерінің тап- сырмаларын артығымен орындады. Мұн- дай жаңа табыстарға не болып жүрген комбайншылар аз емес.

Бұл күндері олар алған міндеттерін аб- роймен орындау күресін көп өрістетіп кел- ді. Орақтың алғашқы күндерінен бастап комбайншы Хрущев жолдас күнделік норма бойынша 22 гектардың орнына, 35 -40 гектар жердің егінін орып келеді. Сол сыяқты, комбайншы Белов жолдас күн- де күнделік еңбек көрсеткіші басқалардан кем емес.

Егін орағын қысқа мерзімде аяқтау жә- не астық ысырабына жол бермеу үшін комбайншылар Безрученко, Капустин та- ғы басқалары өздеріне көтеріңкі міндет- темелер алды. Олар комбайн агрегатының техникалық күтімін жоғары ұстап, егін орағының алғашқы күндерінің өзінде жақсы көрсеткіштерге жетуде.

Ж. МАУЛЕНОВ.

## Социалистік жарысқа кәсіподақ ұйымдарының басшылығын жақсартайық

Жақында облыстық кәсіпшілік одағы советінің екінші пленумы болып өтті. Пленум «Облыстық совхоздары мен МТС- теріндегі социалистік жарыстың барысы туралы» облыстық ауылшаруашылық кә- сіподағы облыстық комитетінің председа- телі Зверевский жолдас атындағы баяндамасын тыңдап, талқылады.

Баяндамашы және жарысөзге шығып сөйлеушілердің атап көрсеткеніндей, соң- ғы кезде совхоз, МТС кәсіподақ ұйымда- рының социалистік жарысқа басшылығы едәуір жақсарды. Облысымыздың колхоз, совхоздары социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, тың және тыңайған жерлерді көтерудің мемлекеттік жоспарын артығымен орындады.

Бірқатар МТС-тер мен совхоздардың механизаторлары техниканы үнемді пай- далана отырып, өз жұмыстарында айтар- лықтай табыстарға жетті. Трактор брига- даларының бригадирлері Попов (Обра- зцовая МТС-і), Бутенко (Калинин атында- ғы МТС), Лебедев (Коновалов МТС-і) көктемгі егіс, шөп шабу науқаны күндерінде сондай-ақ, егін орағы кезінде де сменалық, айлық тапсырмаларын үне- мі асыра орындап, игі еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде.

Бірқатар совхоздар мен МТС-тер соци- алистік жарысқа мерзімінде қорытынды жасап, оны жария етіп отырды. Жарыс озақтарының жұмыс үлгілері жауынгер- лік листоктар арқылы насихатталды. Оларды құрмет тақтасына жазды. Бу- лардың қатарына Тоқшын совхозының, Торангүл МТС-інің жұмысшы комитетте- рін қосуға болады.

Торангүл МТС-нің жұмысшы комитеті дала жұмыстары басталғанға дейін бар-

лық трактор бригадаларында кәсіподақ топтарын құрды. Топтың жетекшілеріне социалистік жарыста ұйымдастыру жө- нінде нұсқау- кеңестер берді. Социалис- тік жарыстың қорытындысы арнаулы бюллетеньге, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарға жазылып тұр- ды. Мұның өзі шаруашылық жұмыстарын ігері бастыруға, механизаторлардың ын- талылығын арттыруға көп мүмкіндік бер- ді.

Мұнымен бірге, Пленум бірқатар кем- шіліктерді де атап көрсетті. Кейбір МТС- тер мен совхоздардың жұмысшы комитет- тері барлық жұмысшылардың социалистік жарысқа ұштасуын қамтамасыз етіп, оны жария етіп отырмайды. Социалистік жа- рыстың қорытындысы бригаданың өңі- рістік жыйналыстарына талқыланбайды. Сол сыяқты, озат механизаторлардың жұ- мыс үлгілерін насихаттау ісінде де жете- көңіл бөлмейді. Ворошилов атындағы, Су- воров атындағы МТС-терде, Октябрь, Степной совхоздарында социалистік жа- рысқа жұмысшы комитеттерінің басшы- лығы қанағаттанғысыз. Бұл совхоздар мен МТС-тердің жұмысшы комитеттері жұмысшылардың социалистік жарысқа ұштастырумен барлық істі тындырады. Социалистік жарыста алынған міндетте- мелердің орындалуына көңіл бөлмейді. Осы себепті, алынған міндеттемелер жү- зеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қойды.

Ауыл шаруашылығы облыстық кәсіп- одағының МТС-тер мен совхоздардың жұ- мысшы комитеттеріне басшылығы нашар. Облыстық комитет социалистік жарысты ұйымдастыру жөнінде жұмысшы комитет- теріне практикалық көмек көрсетпей,

оларға үстірт басшылық жасайды. Облыс- тық кәсіподақ комитетінің председатели Зверевский жолдас жергілікті жерлерде аз болады. Ал, болған күннің өзінде де атүсті жалаң нұсқаулар беріп, жергілікті жағдаймен толық таныспай, асығыс кетіп қалады.

Пленумда шығып сөз сөйлеген Обра- зцова МТС-нің жұмысшы комитетінің председатели Бурлаков, Торангүл МТС-інің жұмысшы комитетінің председатели Каба- нов жолдастар ауыл шаруашылығы кә- сіпшілер одағы облыстық комитетінің, облыстық кәсіпшілер одағы советінің ап- паратын қатты сынга алды. Аппарат қызметкерлері жергілікті жерлерде неке- саяқ болады. Жақында ауыл шаруашы- лығы кәсіпшілер одағының председатели Зверевский жолдас Торангүл МТС-інде бо- лып, машинасының бүлінгендігі себепті ғана бір сағаттай тоқтаған. Сол сыяқты, осы МТС-ке әдейі келген облыстық кәсіп- шілер одағы советінің председатели Ост- ровный жолдас та МТС-те 10 минуттай болып кетіп қалған. Ол тіпті жұмысшы комитетінің председателимен де кездеспе- ген.

Пленумда жұмысшы комитеттерінің председателдері совхоздар мен МТС-терге дәрігерлік көмекті жақсартпағаны үшін денсаулық сақтау органдарын әділ сынга алды. Мұнымен бірге, облыстық тұтыну- шылар одағына да көптеген талаптар қойды.

Пленум облысымыздың совхоздары мен МТС-терінде социалистік жарысты кеңі- нен өрістетіп, егін жыйнау және мемле- кетке астық тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға бағытталған нақтылы шаралар белгілеп, қаулы қабылдады.

**В. ИВАНОВ.**

### Комбайншылар жарысы

«Заря коммунизма» колхозының (Соко- лов ауданы) егін даласындағы комбайн агрегаттарының арасында егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу жөнін- дегі социалистік жарыс қыза түсуде.

Комбайншы Хрущев жолдас тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен күндік нормасын 40 гектардан асыра орындауды, сөйтіп, бұл маусымда 1000 гектар жердің егінін оруды міндетіне алды. Сонымен бірге, комбайншы Беловты социалистік жарысқа шақырды.

Бұл күндері олар алған міндеттерін аб- роймен орындау күресін көп өрістетіп кел- ді. Орақтың алғашқы күндерінен бастап комбайншы Хрущев жолдас күнделік норма бойынша 22 гектардың орнына, 35 -40 гектар жердің егінін орып келеді. Сол сыяқты, комбайншы Белов жолдас күн- де күнделік еңбек көрсеткіші басқалардан кем емес.

Егін орағын қысқа мерзімде аяқтау жә- не астық ысырабына жол бермеу үшін комбайншылар Безрученко, Капустин та- ғы басқалары өздеріне көтеріңкі міндет- темелер алды. Олар комбайн агрегатының техникалық күтімін жоғары ұстап, егін орағының алғашқы күндерінің өзінде жақсы көрсеткіштерге жетуде.

**Ж. МАУЛЕНОВ.**

**Күніне 40—45 гектар**

Копилово ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында қоғамдық мал- ға жемшөп қорының молшылығын жасау күресі әлі де болса қызу қарқынмен жүр- гізілуде.

Осы колхоздағы өзлігінен жүретін кең- алымды шөп машинаның машинисі А. Га- ниман жолдас, еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Ол соңғы айлардың өзінде 1400 гектар жердің шөбін шауып, күн- делік норманы үнемі 40-45 гектардан асыра орындап келеді.

Ганиман жолдас техниканың тетігін толық меңгеріп қана қоймай, оны күте- де біледі. Сонымен бірге, еліміздің озат механизаторларының іс тәжірибесін өз жұмысында кеңінен қолданады. Сөйтіп, қоғамдық малға мол жемшөп қорын та- йындау күресінде ол адал еңбегінің нәти- жесінде колхозшылардың құрметіне бөле- нуде.

**П. ИВАНОВ.**

42. Мартенович Анатолий Александрович Петропавл бөлімшесінің диспетчері.

43. Мисев Илья Федорович — Южно- айналым пунктінің стрелочнигі.

44. Мишустин Николай Алексеевич — Петропавлдың хабар беру және байланыс дистанциясының аға электр механигі.

45. Мордовский Григорий Илларионович — Петропавл жол дистанциясының бригадирі.

46. Мордовский Павел Илларионович — Петропавл жол дистанциясының жол мас- тері.

47. Музыкин Яков Германович — Пе- тропавл паровоз депосының машинисі.

48. Наумова Валентина Андреевна — Петропавл бөлімшесінің инженер- анали- заторы.

49. Негесов Михаил Ильич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

50. Никифорова Фекла Павловна — Пе- тропавл жол дистанциясының жол бай- қаушысы.

51. Олифер Николай Иванович — Пе-

### ТЫҢ ЖЕРДЕ ӨСІРІЛГЕН АСТЫҚТЫ ТАСУ

Республиканың болат магистральдарында тың және тыңайған жерлерде өсіріл- ген астықты тасу жұмысы басталды.

Орыбор жолының Ақтөбе бөлімшесінің теміржолшылары астық тиенге жүздеген вагондарды кәзірдің өзінде тиісті орын- дарға жөнелтті. Мартөк станциясының коллективі Қарақалмақ АССР-іне арнал- ған астықты алғашқы вагондарға шап- шаңдатылған әдіспен тиелді, бұл вагондар- ға «Тың жерде өсірілген астық» деп жа- зылған.

Просторная мен Жұрын станцияларында Өзбекстанға жіберілетін астық вагон- дарға тиеліп жатыр.

Ақтөбе теміржолшылары кәзір астық ты өткен жылғы осы уақыттағыдан үш еседей көп тиенде. Комсомол -жастардың бақылау постылары астықтың тұтыну ығына неғұрлым тез жеткізілуіне көмек- тесуде.

Түркістан—Сибирь темір жолының Руб- цовка және Защита бөлімшелерінде жаңа

### ОТАРДАҒЫ МАЛШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТҮРҒЫН ҮЙЛЕР

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Киров ауданының колхоздары отардағы мал учас- токтерінде көптеген тұрғын үйлер салып жатыр. Куйбышев атындағы ауылшару- ашылық артелі «Мақпал» участогінде шопандарға арнап 12 ағаш үй салды. Олардың әрқайсысында кең, жарық бөл- ме, кухня, сенек, тағам сақтайтын бөл- ме бар. «Талапты» колхозы алғы үй, «Октябрь» артелі тоғыз үй салды. Ленин атындағы, Энгельс атындағы колхоздар және басқа бірсыпыра ауылшаруашылық

### КОЛХОЗДАР ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАР САТЫП АЛУДА

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Мендіқара ауданының Жданов атындағы колхозы жыл- жымалы электр станция сатып алды. «Казсельэлектро» тресінің құрылыс-мон- таждау конторасының бригадасы колхоз- шылардың осы жылжымалы электр стан- цияны іске қосуына көмектесті. Колхоз- шылардың үйлерінде электр шамы жаң- ды. Сортировка, 2 веялка, ВММ, зерно- пульт және басқа машиналар осы электр станциясынан қуат алып жұмыс істейді.

Петропавл жол дистанциясының жол бай- қаушысы.

79. Шмаков Герасим Федорович—Петро- павл станциясының поезд құрастыру- шысы.

80. Юдаков Виталий Алексеевич— Петропавл паровоз депосының машинисі.

81. Юрвник Василий Федосеевич — Петропавл жол дистанциясының жол бай- қаушысы.

### «ЕҢБЕКТЕ ҮЗДІК ШЫҚҚАНЫ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН

1. Аксенов Алексей Федорович—Петро- павл вагон депосының аға байқаушысы.

2. Астапова Анна Матвеевна—Петро- павл резервінің бас кондукторы.

3. Ахмадиев Гарифолла —Петропавл паровоз депосының машинисі.

4. Барабанчиков Яков Михайлович— Петропавл дистанциясының жол мастері.

(Жалғасы келесі (санда).



# Егін жыйнау мен астық дайындауда озаттарға теңелейік!

★ ★  
Облыс аудандарында, МТС-тері мен совхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

20 АВГУСТАҒЫ МӘЛІМЕТ  
(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Жыйналған дәнді дақылдар	Мемлекетке астық тапсыру	Дайындалған пішен	Сурленген шөп	Зябь жырту	Күздік егу
Петропавл	25,0	20,3	40,8	14,2	7,4	40,7
Преснов	16,0	7,3	50,5	37,2	14,9	27,7
Приешім	14,9	8,3	47,3	20,0	13,1	14,9
Ленин	13,4	5,3	62,9	38,3	10,7	10,6
Соколов	13,2	9,0	34,6	40,6	3,9	36,7
Октябрь	12,8	6,5	55,4	42,4	17,8	43,2
Мамлют	10,0	6,1	38,5	22,4	7,2	5,4
Совет	9,9	4,3	42,8	18,0	13,2	1,5
Конюхов	9,4	5,9	35,9	75,3	9,8	8,0
Булаев	9,3	3,0	45,9	83,5	10,2	—
Полудень	8,6	4,9	31,0	35,1	8,2	22,7

МТС-тер мен совхоздар	Жыйналған дәнді дақылдар	Дайындалған пішен	Сурленген шөп	Зябь жырту	Күздік егу
Петропавл	26,7	46,0	11,0	6,1	43,0
Асанов	25,0	33,6	18,0	9,4	37,6
Образцовый	20,4	58,0	15,5	18,6	3,4
Преснов	19,7	53,8	49,8	15,0	37,7
Майбалық	17,2	38,7	21,8	9,7	45,2
Ильич	17,2	62,5	49,7	11,0	8,2
Приешім	16,8	51,0	29,9	11,1	23,1
Ворошилов	14,8	58,9	24,0	22,3	47,5
Тимирязев	14,7	42,4	9,2	11,0	26,0
Баян	14,5	59,8	38,2	21,1	12,9
Соколов	13,6	35,3	39,2	1,8	35,3
Торангул	13,4	58,8	42,5	19,2	67,0
Налобин	12,8	33,6	42,5	6,7	38,0
Совет	12,8	44,2	23,0	18,4	3,7
Семиполка	12,0	46,5	72,0	13,6	48,4
Ленин	11,6	45,8	16,0	16,0	1,2
Интернационал	11,5	44,8	16,3	9,3	0,7
Коновалов	11,2	57,2	37,6	16,9	14,7
Чистян	10,4	31,4	73,0	8,6	3,1
Вильямс	10,1	28,1	31,4	3,4	14,2
Куйбышев	9,9	66,2	55,1	8,5	6,2
Балиши	9,3	49,0	79,0	8,7	—
Булаев	9,2	44,0	86,6	11,3	—
Ново-Георгиев	8,9	30,0	45,3	10,3	38,2
Чапаев	8,7	43,3	21,0	8,8	—
Николаев	8,7	49,9	40,0	12,3	—
Шағлы	8,6	37,1	21,0	9,9	—
Суворов	8,5	40,0	77,6	11,6	15,3
Полудень	8,5	31,6	29,0	6,8	14,2
Пушкин	8,4	64,4	28,3	5,9	1,9
Сартомар	7,0	52,0	32,8	9,5	—
Бұрынғы совхоздар	11,6	56,8	31,1	9,9	—
Жаңа совхоздар	—	38,5	—	37,7	—

Міндеттемесін аброймен орындауда



Совет ауданының «Красное поле» колхозы быйылғы жылы парникте қыяр отырғызған-ды. СУРЕТТЕ: овощь бригадасының бригадирі В. Воловик (сол жақта) және колхоз агрономы М. Юрьева қыярдың сапасын байқауда. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Елімізге астықтты көп береміз

Біздің Киров атындағы колхоздың мүшелері бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астық шаруашылығының, әсіресе, неғұрлым бағалы азық-түлікте дақыл — жаздық бидайдың шығымдылығын арттыру жолымен бидай өндіруді барынша өркендету міндетін орындауға зор үлес қосу мақсатымен қажырлы еңбек етіп келеді. Олар көктемде егіс жұмыстарын ең қысқа агротехникалық мерзімде өткізді. Жер жырту, оны өңдеу, ауылшаруашылық дақылдарын егу жұмыстарында ғылым мен озат тәжірибелердің табыстарын шебер қолданды. Жаз айларында егінді күтіп-баптау жұмыстарын үзгілі ұйымдастырды.

Егін жыйнау да колхоз даласында МТС-тің 12 комбайны жұмыс істейді. Бұл агрегаттардың мүшелері өздеріне тапсырылған жұмысты ұқыптылықпен атқару және машинаға техникалық күтімді кезінде жасау арқылы комбайндардың қуа-

сында шоферлардың көпшілігі, әсіресе А. Чабин, М. Оленин жолдастар күндіз тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеді. Колхозшылар мен МТС механизаторлары егін жыйнауға кіріскен аз уақыттың ішінде 500 гектардан астам жаздық бидай жыйнады. Мұның әрбір гектарынан орта есеппен алғанда 18 центнерден өнім алынды. Жыйналмай тұрған егіндеріміздің ішінде мұнан да жоғары өнім беретін учаскторіміз бар. Дәнді дақылдар егісінен мұндай мол өнім алу елімізге астықтты барынша көптеп беруімізді қамтамасыз етеді.

Комбайндармен бастырылған астықтты көптіру, тазарту жұмыстары ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді. Қырманшымызда астық механикаландырылған 3 велжакмен тазартылады. Астық тазарту жұмысының механикаландырылуы қырмандағы ауыр еңбектің жеңілдетілуіне, сонымен бірге жұмыстың анағұрлым өнімді жүргізілуіне жағдай тудызып отыр. Қырманда механикаландырылған велжалармен астық тазартып жүрген колхозшылар комбайндардан күнбе-күн қабылданған астықтты дереу тазартып, кептіріп мемлекеттік дайындау орындарына жөнелтіп отырады.

Быйыл жоспар бойынша біз мемлекетке 4164 центнер астық тапсыруымыз керек болса, қазірдің өзінде 5774 центнер астық бердік. Дегенмен, біздің алдымызда әлі де ірі міндеттер тұр. Колхозымыз жаңа

Жаңа оқу жылы қарсаңында

## Оқу жылына дайынбыз

Жұмысшылар (поселжасының) оңтүстік батыс жағына орналастырылған екі қатарлы көркем үй жасыл ағаштардың арасынан анадайдан көз тарталды. Бұл біздің Петропавл темір жол станциясының № 44 орта мектебі.

Біздің мектеп Омбы темір жолындағы ірі мектептердің бірінен саналады. Мұнда жыл сайын көптеген оқушы оныншы класты бітіріп, қолдарына кәсіптік аттестат алып келеді. Мектеп коллективі оқу-тәрбие жұмыстарында елеулі табыстарға жетіп жүр.

Мектебіміз быйылғы оқу жылына да әзірлік жұмыстарын үзгілі жүргізді. Мектеп үйі жеңіл жөндеуден өткізіліп, оның іші-сырты ағартылды. Мектепті бір орталықтан жылыту системасы қайта құрылып, отынмен, көмірмен қамтамасыз етілді. Жаңа оқу жылында физика, химия, биология кабинеттері жұмыс істейтін болады. Кабинеттер әртүрлі аспаптармен, көрнекі құралдармен толықтырылған. Тәжірибе жұмыстарын жүргізу үшін арнаулы бөлме жабдықталды. Бөлмеде оқу тақырыбына байланысты фильмдерді көрсетуге, үйірмелердің жұмыс жүргізуіне толық мүмкіншілік бар.

Өткен оқу жылында мектеп комсомолдары бағалы бастама көтерген еді. Олар өз күштерімен жас натуралистердің тәжірибе жұмыстары үшін теплица, тіршілік бұрышын және қолөнершілер мастеркәйіпін салуды ұйғарған болатын. Олардың бұл бастамасын мектеп дирекциясы қызу қуаттады. Жазғы каникулға шығысымен оқушылар құрылыс жұмысына кірісті. Кәзір 32 шаршыметрлік теплица, тіршілік бұрышы және мастерской орналасқан үй салынып болды.

Сол сыяқты оқушылар оқытушы Бархуткина жолдастың басқаруымен ауа райын бақылайтын географиялық алаң жабдықталды. Оқу жылының алғашқы жексенбісінде мектеп стадионы ашылмақ. Бұл күнге спортшылар қызу әзірленуде. Айта кету керек, мектеп спортшылары жазғы маусымда үлкен табысқа жетті. Олар Омбы темір жол мектептері спортшыларының жарысында бірінші орынға, Бүкілодақтық жарыста екінші орынға ие болды.

## Әзірліксіз кіріскелі отыр

Совет ауданының көп мектептері жаңа оқу жылына әзірліксіз кіріскелі отыр. Мысалға Сартомар жетіжылдық мектебін алайық. Мектептің бұрынғы директоры Сейшиев жолдас мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізбеді. Мектеп үйінің іші-сырты сыланбаған, терезелердің әйнектері салынбаған. Быйыл мұнда жаңадан үш пеш салынуға тиіс болса, оның біреуі де салынбай отыр. Мектеп көрнекті құралдармен қамтамасыз етілмеген. Тіпті географиялық карталардың өзі жоқ. Қысқа керекті отынның жүз текшеметрі әлі мектеп жанына жеткізілмеген.

Рублевка жетіжылдық мектебінде (директоры Жевенко жолдас), Байанды бастауыш

Мектепте быйыл 44 оқытушы сабақ береді. Кәзір олар оқу программаларының жаңа нұсқаларымен танысып, оқу-тәрбие жұмыстарының тыңғылықты ұйымдастырудың жолдарын белгілеуде. Мектепке быйыл алғашқы рет келген төрт оқытушы пәтер үймен толық қамтамасыз етілді. Политехникалық оқуды жүзеге асыруда пән кабинеттерінің, қолөнершілер мастеркәйіпіннің көп көмегі болмақ. Быйыл мектепте 15 үйірме жұмыс істейтін болады. Оларды дайындығы бар оқытушылар басқарады.

Үйірмелердің жұмыс жоспарлары жасалып, қажетті материалдар толық сақталып алынды. Қалалық ДОСААФ комитетімен келісе отырып, мотоциклшілер, байланысшылар үйірмесін ұйымдастыру көзделіп отыр. Мектеп быйыл толық радиоландырылған. Бізде арнаулы редколлегия құрамы бар. Олар радио арқылы оқытушылардың оқу озаттарының өз тәжірибелері туралы сөз сөйлеуін ұйымдастырып отырмақ. Мектепте кітап қорында 5 мыңға жуық кітап, арнаулы оқу залы бар. Кітапхана жұмыс істейді.

Быйыл бізде 1100-ден астам оқушы оқыйтын болады. Олардың тізімі түгел алынып, 31 класс ұйымдастырылды. Кәзір күзгі емтихан ойдағдай өтуде. Оқу үш сменала жүргізілмек. Мұның өзі оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуге едәуір қиыншылықтар келтіреді. Алайда, мектептің оқытушылар коллективі оқ қиыншылықтарды жоюдың жолдарын алдын-ала қарастыруда.

Оқушылар жазғы каникулда облыс колхоздарына да көп көмек көрсетті. Жоғары кластың 50 оқушысы Соколов ауданының колхоздарында жемшөп дайындау жұмыстарында істеп жүр. Жақында Петропавл ауданының колхоздарына егін жыйнауға көмектесу үшін тағы да 25 оқушы жүріп кетті.

Мектебіміздің оқытушылар коллективі жаңа оқу жылын үзгілі әзірлікпен қарсы ала отырып, быйылғы жылы жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісінде жаңа табыстарға жететін болады.

М. РОДАЦИН,

Петропавл темір жол станциясындағы № 44 орта мектептің директоры.



пүткөлдө тапшырылып артык орындау, астыкты көптөн бастыруу жолындагы социалистик жарыстың жарышы болган Ставрополь өлкөсү, Петров МТС-и комбайншыларының бастамасына жауап ретинде Полудень МТС-нің комбайншысы А. Сабельфельд жолдас бир «Сталинец-1» комбайнымен 20 жұмыс күні ишінде 700 гектар егін жыйнап, 7 миң центнер астык бастырууга міндеттенген болатын. Ол Аманкелди атындагы колхозда егін жыйнаудың алгашкы күнінен бастап қажырлы еңбек етуде. Жұмыстың бірінші күні 30 гектар егін жыйнап, 399 центнер астык бастырды. Соңғы күндерде де ол еменалық жұмыс тапсырмасын біржарым, кейде екі есе орындап жүр.

Сабельфельд жолдасының егін жыйнауда мұндай үздік табысқа ие болуының басты себебі егін жыйнауға барлық жағынан тыңғылықты әзірлікпен кіріскендігі, жұмыс уақытын тиімді пайдаланатындығы болып есептеледі.

Астық ысырапшы жол бермеу үшін тәжірибелі комбайншы бірқатар шараларды жүзеге асырған. Ол комбайнға дән тұтқыш орнатқан. Орылған маектың анызға түспеуі үшін жел қаққышты 30-

40 сантиметр ұзартты. Аласа егінді орау үшін хедер төмен түсірілген. Дәннің жарылмауы және егіннің таза бастырылуы үшін комбайншы барабанның жұмыс істеуіне жете назар аударды.

Еңбек өнімділігін еселен арттыру мақсатымен агрегат мүшелері жұмыс уақытын неғұрлым тиімді пайдаланады. Олар комбайнның тоқтаусыз тәулігіне 16-18 сағат жұмыс істеуіне жетісін жүр.

—Еңбек өнімділігін бұдан да арттыруға болады, —дейді Сабельфельд жолдас, —егер колхоз басқармасы агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдай жасаған болса, комбайн бункерінен астық жасытын транспорттық жеткізісідігінен агрегат жиі- жиі тоқтап тұрады. Осының салдарынан кей күндері біздің екі- үш жұмыс сағатымыз босқа өтеді.

Агрегат мүшелерінің барлық күш- мүмкіншіліктерін егінді қысқа мерзімде жыйнап алуға жұмылдыра отырып, социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап шығатындығы сөзсіз.

**С. КОПНОВ,**

**Полудень ауданы, Аманкелди атындағы колхоз.**

жүр. Комбайншылардың өзара социалистік жарысында, әсіресе, В. Лепехин, Ш. Реттер жолдастар үздік алды келеді. Комбайншы Лепехин жолдас «Сталинец-6» комбайнымен 6 жұмыс күні ишінде 170 гектар егін жыйнады. Сол сияқты, Реттер жолдас «Сталинец-6» комбайнымен осы мерзім ишінде 175 гектар жердің егін орады. Озат комбайншылар кейбір күндері 30-32 гектарға дейін егін жыйнауға жетісін жүр.

Комбайншылар Беккель Барл, П. Ерефеев, К. Гертнер жолдастар да күн сайын 20-22 гектар егін жыйнап, тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеді.

Бізде әрбір комбайн агрегаттарынан астық алуға арнаулы жүк автомашиналары бөлінген. Комбайннан астық алуда жүрген машиналардың көпшілігі колхозымызға Украин ССР-нің Жданов атындағы, Бүденный атындағы және Свердлов облысының Свердлов атындағы автороталарынан көмекке келген машиналар. Шоферлар еңбек өнімділігін арттыру жолындағы жарыста жоғары көрсеткіштерге жету мақсатын көздеп, астықты көптеп тасу ісіне өздерінің қабілеттіктерін және күшін аямай жұмсауда. Осының нәтиже-

сін асыраудан тарыққан олар бағын сынап көру үшін қаңғырып қалаларға барды, ал кейбіреулері мүлдем елден кетіп те қалды. . . Көзір Бод селосының шаруасы күн көру үшін деревнясын тастап кетуге мұқтаж емес. Жер онда жұмыс істейтіндердің меншігіне айналды, сөйтіп ол адал еңбекке еселен өнім береді. Әсіресе, жерді баптауда өздерінің күш-жігерлерін біріктіргендер—коллективтік селолық шаруашылықтар мен серіктіктердің мүшелері зор табыстарға жетуде. Бод селосының шаруашылығындағы коллективтік еңбектің табыстары айта қаларлықтай. 1950 жылы, мұнда коллективтік шаруашылық жаңа ғана құрылған кезде, 285 гектар ғана егін егілді, ал көзір мың гектардан аса егін егіледі. Еңбекші шаруашар өгішпен мол өнім жыйнауда. Оның табыстары ұдайы артауда. Мәселен, Пон Мартеофой семьясымен бірге 1953 жылы 562 еңбеккүн тапты, сөйтіп 1,5 тоннаға жуық бидай, 1,6 тонна жүгері, көп арпа, күнбағыс, жемшөп, овоцтар, жемістер және едәуір ақша алды. . . Бұрын Пон Мартеофой мұндай дәулет туралы арман ете де алмаған еді.

Көзіргі уақытта Румынияда екі мыңға жуық коллективтік шаруашылықтар мен жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі екі мыңға жуық серіктіктер бар. Олар 300 мыңнан аса шаруалардың семьяларын біріктіреді. Мемлекеттік селолық шаруашылықтармен бірге коллективтік шаруашылықтар мен серіктіктер елдегі барлық жыртылатын жердің төрттен біріндейін өңдейді.

Румын жұмысшы партиясы мен халық үкметі халықтың алдына өмірдің өзінен туған міндетті,—ең қысқа мерзімнің ішінде ауыл шаруашылығының дәрежесін бұрынғыдан да жоғары көтеріп, еңбекшілерді азық-түлік товарларымен жабықтанды едәуір жақсартуға жету міндетін

қойды. Селода тұрақты жұмыс істеуге көп мыңдаған озат жұмысшылар, агрономдар, дәрігерлер барды. Өнеркәсіп ауыл шаруашылығын нағыз көзіргі заманның машиналарымен қаруландыруда. 200-тен аса машина- трактор станциялары құрылды. Быйылғы жылы Румыния далаларында 25 мыңнан аса трактор, жүздеген комбайн және көптеген басқа техника жұмыс істейді. Техниканың көмегімен румын халқы ауылшаруашылық өндірісін онан әрі өркендетудің міндетін ойдағыдай орындауда.

Бұрынғы қуаңшылық аудандардағы жерді суару жөнінде өрістетіліп жатқан жұмыстар бұл істе маңызды роль атқаруға тиіс. Румынияның неғұрлым қуаңшылық бөлегі —Добруджа ғана суландырылып қоймайды. Дунайдың, Ольттің, Арджештің бассейнінде және басқа үлкендікішілі өзендердің бассейндерінде жаңа суландыру қаналдары жасалуда. Ірі су электр станцияларының жанынан су қоймалары жасалуда. Виказдары В. И. Ленин атындағы су электр станциясының жанынан салынып жатқан су қоймасының өзі ғана Солтүстік Бараганың 300 мың гектар қуаңшылық далаларын суаруды қамтамасыз етеді.

Румын халқының әл-ауқаты артып, оның мәдениет дәрежесі өсуде. Өнеркәсіп жұмысшыларының нақтылы жалақысы 1948 жылдан 1953 жылға дейін орта есеппен 37 процент көбейді. Халықтың азықтық тағамдарды тұтынуы тез өсуде. Егер 1938 жылғы дәрежені жүзге балап алсақ, онда Румынияда 1953 жылы бір жұмысшы семьясының нақты тұтынуы 120-ға дейін, күнбағыс майын тұтынуы — 264-ге дейін, қантты тұтынуы — 148-ге дейін өсті, тағысын тағылар. Бұл цифрлар, әрине, румын еңбекшілерінің тұрмыс жағдайларының жақсарғандығы туралы шамалы ғана ұғым береді. 1953 жылы румын деревнясында 1949 жылға

қарағанда жүн маталар мен киімдер үш есе, былғары аяқкиімдері үш еседен аса көп сатылды, тағысын тағылар.

Көзіргідей мәдени өрлеуді Румыния өзінің бүкіл тарихы ішінде көрген жоқ еді. Елде қысқа мерзім ішінде өресек халық арасындағы сауатсыздық толығынан дерлік жойылды. Міндетті түрде жаппай жетілдірілген білім алу енгізілді. Жоғары оқу орындарындағы факультеттердің саны төрт еселей дерлік көбейді.

Бүгінгі Румыниямен неғұрлым жақын танысқан сайын, небәрі он жыл бұрын оның әрбір еңбекшіге жұмысыз қалу қауіпі тонтен, әрбір бесінші жас бала бесікте өлген және әрбір төртінші адам сауатсыз болған ел болғанына солғұрлым таңданамыз. Енді оның бәрі мәңгілік келмеске кетті.

Румынияның өткен он жыл ішіндегі табыстарында оның халқының және халықтың авангарды—елді социализмге бастап келе жатқан Румын жұмысшы партиясының күш-жігері, ақыл-ойы бейнеленген. Бұл табыстар—румын халқының Совет Одағымен және халықтық демократия елдерімен тығыз ынтымақтасуының нәтижесі. Бүгін совет халқының көрсеткен достығы, көмегі мен қолдауы үшін айтылған шын ризалық және алғыс сөздер Румынияның барлық тұқпирлерінде естіледі.

Румын Халық Республикасы өткен он жылда мұнымен қатар шын мәніндегі дербес саясатты жүргізуші нағыз тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. Бұл саясат халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақты қамтамасыз етуге бағытталған. Бейбітшілік және демократия лагерінің барлық елдерімен бірге Румыния барлық елдер мен халықтардың бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз ету үшін барлық күшін жұмсауда.

**Т. КӘДІРОВ.**

## Румын халқының өміріндегі жаңа дәуір

Бұдан он жыл бұрын, 1944 жылы 23 августа, Совет Армиясы гитлерлік тобырларды талқандай отырып, Румынияны фашистік езудың азат етті. Бұл күн жаңа Румынияның туған күні болды. Өткен он жылда орасан зор маңызы бар оқиғалардың көп болғандығы және оның өзіне шын мәніндегі ерлік істер мен жетістіктерді сыйғызғандығы соншалықты, тіпті ол румын халқының өмірінде біртұтас дәуір болып табылады.

Тіпті жуырда ғана Тазләу өзенінің ойпатындағы ну орманының арасында бұғылар жүретін, дауыл құлатқан ағаштардың арасында жабайықабан шошқалар болатын. Көзір мұнда мұнай кәсіпшіліктері пайда болды, ал елді пункттер жақсартылған жолдар арқылы қатынайды. Үздік техникамен қаруланған румын мұнайшылары совет мамандарының көмегімен бұрын соңғы болып көрмеген табыстарға жетті. 1953 жылы Румынияда шығарылған мұнай тоғыз миллион тоннадан асты, яғни соғысқа дейінгі дәрежесінен әлдеқайда асып түсті, ал бірінші бесжылдықтың аяғында (1955 жылы) 11 миллион тоннаға жетеді, яғни буржуазиялық-помещиктік тәртіп кезінде ең көп шығарылған мөлшерден бір жарым еседей артық болады. Ал, Майноештидің кәсіпшіліктерінде мұнай шығару 1953 жылы, 1949 жылғымен салыстырғанда, жыйырма еседен аса артты.

Ескі Румынияда елде тас көмір қоры өте аз, ал көзіргі шығарылатын жерлердегі көмір көп ұзамай бітуге тиіс деген теория тараған болатын. Бұл ойдың шығарылаған жалған ғылыми сандырақ көзір бекерге шығарылды. Жиу өзені ауданындағы негізгі тас көмір бассейнінен басқа көзір елдің басқа аудандарында ондаған шахталар жұмыс істейді. Жаңа шахталардың ашылуымен және ескі шахталар-

ды қайтадан жаңартумен байланысты, 1953 жылы шығарылған көмір 6 миллион тоннадан асты, бұл—1938 жылғыдан 2,4 есе көп. Бесжылдықтың аяғына дейін көмір өндіру 8,5 миллион тоннаға дейін арттырылады.

Ауыр өнеркәсіп, әсіресе, халықтық- демократиялық құрылыс жылдарында құрылған машина жасау өнеркәсібі үздіксіз өсуде. Егер буржуазиялық- помещиктік Румыния қажетті машиналар мен жабдықтардың 99 процентін шетелдерден әкелген болса, халықтық- демократиялық Румыния өнеркәсіпке арналған алуан түрлі станоктар, ауылшаруашылық машиналары, электр моторларын, турбиналар, шарикоподшипниктер, тоқыма және тамақ өндірісіне арналған жабдықтар, мұнай, көн және құрылыс жабдықтарын жасайды.

Көпшілік тұтынатын бұйымдар шығаратын өнеркәсіпте өсу жолымен өркендеуде. 1952 жылы елде мақта маталары соғысқа дейінгі уақыттағыдан 90 процент, жібек маталары 110 процент артық шығарылды; былғары аяқкиім тігу 167 процент артты.

Халықтық өкмет жылдарында Румыниядағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі капитализм кезінде қол жеткен ең жоғары дәрежеден едәуір асып түсті. 1953 жылы ол соғысқа дейінгіден 2,5 есе, 1948 жылғыдан 3,5 есе жоғары болды.

Көзіргі Румынияның өнеркәсібінің өркендеу дәрежесін оның сыртқы саудасының сыйпағы айқын дәлелдейді. Соғысқа дейін Румыния шетелге шикізатпен тамақ өнімдерін шығарып, шетелден дайын бұйымдар әкелетін. Көзір шетелге дәстүрлі товарларды—мұнай, астық және ағаш шығарумен қатар экспортта өнеркәсіптің дайын бұйымдарының, оның ішінде патрондар, бу котелдері, тракторлар, ди-

зель моторлары сияқтылардың үлес салмағы барған сайын өсіп келеді. 1953 жылы Румын Халық Республикасы сыртқы саудасының көлемі 1946 жылғыдан 14 есе асып түсті.

Румын Халық Республикасының анағұрлым елеулі жетістіктерінің қатарына елді жедел электрлендіру, оның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының электр қуатымен қарулануының өсуі де кіреді.

Румынияның орасан зор энергетикалық қорлары бар. Алайда, бұрынғы ескі Уақытта электрлену дәрежесі жағынан әл Европада ең соңғы орындардың бірінде тұратын. Дүниежүзілік екінші соғыстың қарсаңында оның электр станцияларының жалпы қуаты 510 мың киловатқа әзер жетті. Румын жұмысшы партиясының инициативасымен жасалған елді электрлендірудің онжылдық жоспары 1951 жылдан 1960 жылға дейін 24 су электр станциясы мен 13 су электр станциясын салуды көздейді; олар елдегі барлық электр станцияларының жалпы қуатын 2 миллион 600 мың киловатқа жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен, он жыл ішінде ескі Румынияда 50 жылдан аса уақыт ішінде жасаған электр станцияларының қуаты бес еседен аса артық электр станциялары қатарға қосылады. Румынияның электрлендірудің онжылдық жоспары ойдағыдай орындалуда. Оны жүзеге асырудың алғашқы үш жылында электр станцияларының қуаты 1050 мың киловатқа жеткізілді.

Ауыл шаруашылығында орасан зор өзгерістер болды. Румын шаруалары дамуының социалистік жолына түсті.

Міне Румыния үшін әбден мысал боларлықтай Бод селосы. Оның халқы өмір бойы помещик үшін жұмыс істеп, жартылай аштықта өмір сүріп келді. Семья-

сын асыраудан тарыққан олар бағын сынап көру үшін қаңғырып қалаларға барды, ал кейбіреулері мүлдем елден кетіп те қалды. . . Көзір Бод селосының шаруасы күн көру үшін деревнясын тастап кетуге мұқтаж емес. Жер онда жұмыс істейтіндердің меншігіне айналды, сөйтіп ол адал еңбекке еселен өнім береді. Әсіресе, жерді баптауда өздерінің күш-жігерлерін біріктіргендер—коллективтік селолық шаруашылықтар мен серіктіктердің мүшелері зор табыстарға жетуде. Бод селосының шаруашылығындағы коллективтік еңбектің табыстары айта қаларлықтай. 1950 жылы, мұнда коллективтік шаруашылық жаңа ғана құрылған кезде, 285 гектар ғана егін егілді, ал көзір мың гектардан аса егін егіледі. Еңбекші шаруашар өгішпен мол өнім жыйнауда. Оның табыстары ұдайы артауда. Мәселен, Пон Мартеофой семьясымен бірге 1953 жылы 562 еңбеккүн тапты, сөйтіп 1,5 тоннаға жуық бидай, 1,6 тонна жүгері, көп арпа, күнбағыс, жемшөп, овоцтар, жемістер және едәуір ақша алды. . . Бұрын Пон Мартеофой мұндай дәулет туралы арман ете де алмаған еді.

Көзіргі уақытта Румынияда екі мыңға жуық коллективтік шаруашылықтар мен жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі екі мыңға жуық серіктіктер бар. Олар 300 мыңнан аса шаруалардың семьяларын біріктіреді. Мемлекеттік селолық шаруашылықтармен бірге коллективтік шаруашылықтар мен серіктіктер елдегі барлық жыртылатын жердің төрттен біріндейін өңдейді.

Румын жұмысшы партиясы мен халық үкметі халықтың алдына өмірдің өзінен туған міндетті,—ең қысқа мерзімнің ішінде ауыл шаруашылығының дәрежесін бұрынғыдан да жоғары көтеріп, еңбекшілерді азық-түлік товарларымен жабықтанды едәуір жақсартуға жету міндетін

қойды. Селода тұрақты жұмыс істеуге көп мыңдаған озат жұмысшылар, агрономдар, дәрігерлер барды. Өнеркәсіп ауыл шаруашылығын нағыз көзіргі заманның машиналарымен қаруландыруда. 200-тен аса машина- трактор станциялары құрылды. Быйылғы жылы Румыния далаларында 25 мыңнан аса трактор, жүздеген комбайн және көптеген басқа техника жұмыс істейді. Техниканың көмегімен румын халқы ауылшаруашылық өндірісін онан әрі өркендетудің міндетін ойдағыдай орындауда.

Бұрынғы қуаңшылық аудандардағы жерді суару жөнінде өрістетіліп жатқан жұмыстар бұл істе маңызды роль атқаруға тиіс. Румынияның неғұрлым қуаңшылық бөлегі —Добруджа ғана суландырылып қоймайды. Дунайдың, Ольттің, Арджештің бассейнінде және басқа үлкендікішілі өзендердің бассейндерінде жаңа суландыру қаналдары жасалуда. Ірі су электр станцияларының жанынан су қоймалары жасалуда. Виказдары В. И. Ленин атындағы су электр станциясының жанынан салынып жатқан су қоймасының өзі ғана Солтүстік Бараганың 300 мың гектар қуаңшылық далаларын суаруды қамтамасыз етеді.

Румын халқының әл-ауқаты артып, оның мәдениет дәрежесі өсуде. Өнеркәсіп жұмысшыларының нақтылы жалақысы 1948 жылдан 1953 жылға дейін орта есеппен 37 процент көбейді. Халықтың азықтық тағамдарды тұтынуы тез өсуде. Егер 1938 жылғы дәрежені жүзге балап алсақ, онда Румынияда 1953 жылы бір жұмысшы семьясының нақты тұтынуы 120-ға дейін, күнбағыс майын тұтынуы — 264-ге дейін, қантты тұтынуы — 148-ге дейін өсті, тағысын тағылар. Бұл цифрлар, әрине, румын еңбекшілерінің тұрмыс жағдайларының жақсарғандығы туралы шамалы ғана ұғым береді. 1953 жылы румын деревнясында 1949 жылға

қарағанда жүн маталар мен киімдер үш есе, былғары аяқкиімдері үш еседен аса көп сатылды, тағысын тағылар.

Көзіргідей мәдени өрлеуді Румыния өзінің бүкіл тарихы ішінде көрген жоқ еді. Елде қысқа мерзім ішінде өресек халық арасындағы сауатсыздық толығынан дерлік жойылды. Міндетті түрде жаппай жетілдірілген білім алу енгізілді. Жоғары оқу орындарындағы факультеттердің саны төрт еселей дерлік көбейді.

Бүгінгі Румыниямен неғұрлым жақын танысқан сайын, небәрі он жыл бұрын оның әрбір еңбекшіге жұмысыз қалу қауіпі тонтен, әрбір бесінші жас бала бесікте өлген және әрбір төртінші адам сауатсыз болған ел болғанына солғұрлым таңданамыз. Енді оның бәрі мәңгілік келмеске кетті.

Румынияның өткен он жыл ішіндегі табыстарында оның халқының және халықтың авангарды—елді социализмге бастап келе жатқан Румын жұмысшы партиясының күш-жігері, ақыл-ойы бейнеленген. Бұл табыстар—румын халқының Совет Одағымен және халықтық демократия елдерімен тығыз ынтымақтасуының нәтижесі. Бүгін совет халқының көрсеткен достығы, көмегі мен қолдауы үшін айтылған шын ризалық және алғыс сөздер Румынияның барлық тұқпирлерінде естіледі.

Румын Халық Республикасы өткен он жылда мұнымен қатар шын мәніндегі дербес саясатты жүргізуші нағыз тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. Бұл саясат халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақты қамтамасыз етуге бағытталған. Бейбітшілік және демократия лагерінің барлық елдерімен бірге Румыния барлық елдер мен халықтардың бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз ету үшін барлық күшін жұмсауда.

**А. МЕРКУЛОВ.**



# И. Дикманнның „Юманите“ газетінің тілшісімен әңгімесі

ПРИЖ, 19 август. (СОТА). «Юманите» газетінде Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы президентінің председатели Дикманнның осы газеттің Берлиндегі тілшісімен әңгімесі жарияланды.

Париж договорының күшіне енуі мүмкіндігінің Франция мен Германия халықтары арасындағы қатынас тұрғысынан тигізетін зардабы туралы сұраққа жауап бере келіп, Дикманн былай деп мәлімдеген:

Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы мәселе жөнінде өзінің көзқарасын әлденеше рет айқын баяндап берді. Ол «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың күшіне енуі герман милитаризмін қалпына келтіру, гитлершіл бұрынғы генералдардың командованиесімен агрессиялық армия құру болар еді дегенді тынбастан атап көрсетіп келеді.

«Европалық армияны» жақтаушылардың «европалық қорғаныс бірлестігі» шеңберінде Батыс Германияны қаруландыру «бақылау» арқылы жүргізіледі-міс дегендерінің қысымы және жалған екендігін атап көрсетті. Ол былай дейді: Бонн республикасында Геленнің шпиондық ұйымы, бұрынғы гитлершіл генералдар, нацистер және басқа кекшілер американдардың қолдауымен бірінші кезекте Францияға қарсы бағытталған өздерінің әрекеттерін күшейте түседі. «Европалық қорғаныс бірлестігі», деді Дикманн, Европадағы американдар «күш саясатының» құралы болып табылады.

Бірақ «европалық қорғаныс бірлестігі» Францияның халқы да, герман халқы да керек етпейді.

Агрессиялық топтардың Батыс Германияны «европалық қорғаныс бірлестігіне»

қосуға әрекеттенуін еске алғанда, Германияны біріктірудің мүмкіндігі туралы сіздің пікіріңіз қандай, деген сұраққа Дикманн былай деп жауап берді:

Герман Демократиялық Республикасының халық палатасы «европалық қорғаныс бірлестігі» Германияның бірлігін қалпына келтіруге ең басты кедергі болар еді деп есептейді. Батыс Германияда милитаризмді қайта тудыру елді бөлшектеу нәтижесінде ғана мүмкін болады. Бірлескен Германияны құруда кекшілердің жолын бөгеге қабілетті, қуатты демократияшы және бейбітшіл күш табылған болар еді. Германияның бөлшектелуін қалпында сақтау, дейді Дикманн, Европаның орталығында шиеленістің ошағын құрған болар еді. Міне, осы себепті біздің халқымыздың демократияшыл күштері «европалық қорғаныс бірлестігі» сияқты соғыс блогіне Батыс Германияны қосуға кедергі жасау үшін қандай да болсын күштің алдында кейін шегінбей, сөйтін Германияны бейбіт біріктіру үшін жол азырлейтін болады.

Женева кеңесі шын ниеттілік келіссөздер ойдағыдай нәтиже бере алатындығын және халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге жеткізе алатындығын көрсетті. Бұл Европа мен Германия жөнінде де мүмкін болуға тиіс. Дикманн былай деп атап көрсетеді: біртұтас, бейбітшіл және демократияшыл Германияны құруға жеткізе аларлықтай бітім договорын жасасу Франция, Германия қатынастарын жақсарту үшін аса зор перспективаға жол ашқан болар еді. Ол мұнымен қатар Европада коллективтік хауіпсіздік системасы негізінде бейбітшілікті сақтау кепілдігі Франция мен Германия халықтарының бақытты болашағын қамтамасыз еткен болар еді, деп көрсетті.

# Кореядағы уақытша бітім туралы соғыс комиссиясының мәжлісінде

ПЕКИН, 19 август. (СОТА). Сяньхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, Кореядағы уақытша бітім туралы соғыс комиссиясының 17 августтағы мәжлісінде американдар жағының бас өкілі Бриттен корей-қытай жағы ұстап отырған бейнебір американдар соғыс тұтқындарының қолдан жасалған жаңа тізімін табыс етті. Бұл айла-әрекет көптеген корей және қытай соғыс тұтқындарын зорлықпен ұстап отырған американдар жағынан жауапкерлікке алуға, сонымен қатар соңғы кезде АҚШ жасаған уақытша бітім туралы келісімдерді бірнеше рет бұзушылықтың ізін жабуға жасалған әрекет болып табылады.

Корей-қытай жағының уақытша бітім туралы соғыс комиссиясындағы өкілі генерал Ли Сан Чо американдар соғыс тұтқындарының жалған тізімін батыл қабылдамай тастады.

Мұнан кейін американдар өкіліне арнап сөз сөйлеп, генерал Ли Сан Чо былай деді: 1953 жылғы июльде сіздің жағыңыз опасыздықпен біздің жақтың 27 мыңнан аса соғыс тұтқынын ұстап қалды, сөйтін, сіздің команданыңыз бұларды қайтару үшін мүмкін болғанын барлығын істейміз деп мәлімдеді. Осы соғыс тұтқындары біздің жаққа қашан қайтарылар екен?

Бриттен жауап беруден жалтарып, асығыстықпен үзіліс жасауды ұсынды.

Бриттенге арнап сөз сөйлеп, Ли Сан Чо тағы да былай деп сұрады: «Сіздің жағыңыз 1954 жылғы январьда заңсыз ұстап қалған біздің жақтың 21 мыңнан аса соғыс тұтқыны туралы тиісті мәліметтер беруге әзір ме?» Бриттен тікелей жауап беруден тағы да жалтарып.

# Польшада поляк-совет достығы айлығына әзірлік

ВАРШАВА, 18 август. (СОТА). Поляк Халық Республикасының қалалары мен селоларында 12 сентябрьден бастап 12 октябрьге дейін өткізілуге тиісті поляк-совет достығы айлығына қызу әзірлік жүргізіліп жатыр. Поляк-совет достығы қоғамының бас басқармасы және жергілікті ұйымдары айлық кезіне шаралардың кең программасын белгіледі.

Польшаның қалалары мен селоларында совет халқының тұрмысының барлық салаларындағы қол жеткен табыстарына арналған ондаған мың лекциялар мен баяндамалар оқылатын болады. Бүкіл елде СССР өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының және мәдениетінің өркендеуін, сонымен қатар совет халқының тұрмыс дәрежесінің артқандығын сыйпаттайтын 11 мыңнан аса көрме ұйымдастырылады.

# Ухань ауданындағы су тасқынына қарсы күрес

ПЕКИН, 19 август. (СОТА). Янцзы мен Хуайхэ өзендерінің орта ағысында орналасқан провинциялардың халқы бір айдан астам уақыттан бері су тасқынына қарсы күресуде. Соңғы күндерде бұл аудандардағы өзендер мен көлдердегі судың көтерілуі едәуір бәсеңдеді. Су тасқынына қарсы күресуші отрядтар су тасқынының толастауын пайдаланып, жаңадан бөгеттер салуда, су тұратын каналдар қазуда, жаңбыр суы жыйналатын котловандар әзірлеуде. Газетте Ухань ауданында салынған 100 километрлік бөгеттің күшті сыңға төтеп бергенін хабарлады. Өткен тәуліктердің ішінде мұндағы су деңгейі тағы да бірнеше сантиметр көтеріліп, 29, 76 метр белгісіне жетті. (Соңғы онкүндіктердің ішіндегі ең күшті су тасқыны болған 1931 жылғы су деңгейінің ең жоғары көрсеткіші 28,28 метр болған еді).

Халықтық үкмет жылдарында елде салынған ирригация құрылыстары су тасқынына қарсы күресте елеулі роль атқарды. Хуанхэ өзенінің төменгі ағысында жуырда салынған Сяньхэ платинасы, деп жазды «Гуан миньжибао» газеті Цзянсу провинциясының солтүстік бөлігіндегі 10 уезде жалпы көлемі 10 миллионнан аса му шығыс бөлекті су шайып кетуден сақтап қалды.

Табиғат апатына ұшыраған аудандардың халқына бүкіл ел көмектесуде. Қытайда су тасқынынан болған зиянның орнын толтыру үшін шаруалар арасында егіннен мол өнім жыйнау жолындағы қозғалыс өрістеуде.

# ЛЕЙПЦИГТЕ БҮКІЛGERМАНИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

БЕРЛИН, 20 август. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Лейпцигте бүкілгерманиялық екінші спорт конференциясы ашылған. Конференцияның жұмысына Германияның екі бөлігінен 800

# Брюссельде Батыс Европаның алты елі министрлер кеңесінің ашылуы

БРЮССЕЛЬ, 19 август. (СОТА). Бүгін Бельгияның сыртқы істер министрлігінде «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорға қол қойған Батыс Европаның алты елі министрінің кеңесі ашылды. Бұл кеңесте Бельгияның сыртқы істер министрі Спаак, Францияның министрлер кеңесінің председатели және сыртқы істер министрі Мендес —Франс, Бонн канцлері Аденауэр, Италияның сыртқы істер министрі Пиччони, Голландияның сыртқы істер министрі Вейен, Люксембургтың премьер-министрі және сыртқы істер министрі Беш қатысуда.

Кеңестің мақсаты — француз парламентінің бекітуі жөніндегі туралы «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорға кейбір «түзетулер» енгізу жөніндегі француз ұсынысын талқылау. «Либерасьон» газетінің атап көрсетуінше, француз делегациясы енгізген осы договорды жақтаушылардан құралған.

Бүгінгі бірінші мәжіліс жабық түрде өтеді.

Мұнда «европалық қорғаныс бірлестігі» құру туралы договорға АҚШ-тың да, Англияның да қол қоймағанына және олардың кеңеске қатыспауына қарамастан ағылшын және американдық өкілдерінің бұл кеңеске өте назар аударып отырғаны атап көрсетілуде. Бұған байланысты американдық сенаторы Уайлдің Парижге келгені, сондай-ақ Англияның Париждегі елшісі Джейвоттің Мендес —Франспен кездесуі әңгіме болуда. Джейвоттің Мендес —Франспен кеше ол Брюссель кеңесіне жүрер алдында вокзалда кездескен. Баспасөздің хабарларына қарағанда, ағылшын үкметі Брюссель кеңесіне қатысушыларға талқыланатын мәселелер жөнінде өзінің қандай көзқараста екенін білдірген.

«Европалық бірлестігі» сияқты «европалық ұйымдардың» жанындағы АҚШ-тың өкілі Давид Брюс Аденауэрмен, одан кейін Спаакпен келіссөздер жүргізген. Брюс ашылған кеңесте «байқаушы» ретінде қатысатын болады.

# Алты ел министрлерінің Брюссельдегі кеңесі

БРЮССЕЛЬ, 19 август. (СОТА). Батыс европалық алты ел министрлерінің «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы мәжіліс жөніндегі кеңесінің бірінші мәжілісінің бас кезінде келіссөздер жабық жүргізіліп деген Бельгия делегациясының басшысы Спаактың ұсынысы қабылданды. Бірінші мәжілісте Мендес —Франс Францияның «шығараға келу ұсыныстарын» баян-

дап, француз парламентіндегі жағдайға сыйпаттама берді. Мендес — Франстың «европалық армия» туралы договорға енгізуді ұсынған «түзетулері» кәзіргі уақытта жария етілмесін деп ұйғарылды.

Бүгін Брюссель кеңесінің екінші мәжілісі болып, бірінші мәжіліс сияқты жабық өтті.

Мәжілісте Бельгияның сыртқы істер министрі Спаак сөз сөйледі.

# Египет пен Ирак арасындағы келіссөздердің аяқталуы

БАИР, 19 август. (СОТА). Сарсанка (Ирак) Египеттің ұлттық басшылық министрі Салах Салем мен Ирактың премьер-министрі Нури Саидтің арасында болған келіссөздер аяқталды. «Аль ахбар» газетінің хабарларына келіссөздердің барысында соғыс мәселелерін талқылауға баса көңіл бөлінгені мәлім болып отыр. Осы газеттің Лондондағы тілшісі былай деп хабарлады: Салем Нури Саидқа «Египет пен Ирак арасында соғыс және саяси ынтымақтастық орнату туралы» ұсыныс тапсырды.

Салем тілшілерге Иракта болғаннан кейін өзінің Ливияға, Сирияға және Иорданияға барып қайтатынын мәлімдеген. БЕПРУТ, 19 август. (СОТА). «Санд хайят» газеті Ирак — Египет келіссөздерінің аяқталуы туралы түсініктеме бере келіп, келіссөздердің барысында Туркия-Пакистан соғыс блогі туралы мәселе жөніндегі көзқарастардың жақындауына қол жетті, деп жазды. «Египет жағы», — деп көрсеткен газет, — батыстың қорғаныс шебін Пакистаннан бастап Орта Шығыстың барлық елдерін қамтытындай етіп ұлғайту принципі қуаттады».

Бұл мәжіліс жөніндегі кеңесінің бірінші мәжілісінің бас кезінде келіссөздер жабық жүргізіліп деген Бельгия делегациясының басшысы Спаактың ұсынысы қабылданды.

Бүгін Брюссель кеңесінің екінші мәжілісі болып, бірінші мәжіліс сияқты жабық өтті. Мәжілісте Бельгияның сыртқы істер министрі Спаак сөз сөйледі.

# Эйзенхауэрде болған баспасөз конференциясы

ВАШИНГТОН, 18 август. (СОТА). 17 августтағы баспасөз конференциясында президент Эйзенхауэр «европалық армия» туралы договорға француздар енгізетін түзетулер жөнінде өзінің пікірін айтудан бастартты. Алайда, ол бұл түзетулердің договорды реттеп қойған елдер парламенттерінде оны қайта талқылауын қажет етпейтінін ұғарлықтай етті. Сөйтін, ол француздардың түзетулері «европалық

АҚШ-тың бұдан былай да Қытайдың осы территориясын американдықтардың оккупациялауын қамтамасыз ету міндеті жүктелетінін айтты.

Конгресте қабылданған компартияға тыйым салу туралы заң жобасы жөнінде тоқталып, Эйзенхауэр мұны қанағаттанарлық деп тапты. Сөйтсе де ол осы заң жобасына байланысты өзінің едәуір абыржуға екенін мойындады. Адамның

# Түркияда халық-ағарту ісінің құлдырауы

СТАМБУЛ, (СОТА). Ресми мәліметтерге сүйеніп, Түркияның «Джум-хурист» газеті елдегі сауатсыздардың саны 70 процент болады деп жазды.

Бұдан 30 жыл бұрын Түркиядағы сауатсыздардың саны 80—90 процент болғанын еске салып, газет былай дейді: «Мұндай қарқынмен біздің елдегі сауатсыздардың саны тек 2044 жылдың өзінде 40 процентке дейін кемиді».

Газет сауатсыздыққа қарсы күрестің мысалы ретінде Болгарияны Совет Одағын және Қытай Халық Республикасын келтіреді. «Біздің көршіміз Болгария», — деп жазады газет, — қысқа мерзімнің ішінде сауатсыздықты біржолата жойды...».

# АМЕРИКАН КАПИТАЛЫНЫҢ ӨТУІНЕ ҚАРСЫ ЖАПОНИЯДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТАР

ПЕКИН, (СОТА). Сяньхуа агенттігінің Токиодан алынған хабарларға сүйеніп берген хабарына қарағанда, жуықта орташа және ұсақ өнеркәсіпшілердің бүкілжапондық ассоциациясы мәлімдесе жариялаған, онда американдық капиталдың Жапонияға өтуіне қарсы батыл наразылық білдіріледі.

Американдықтар Жапонияға жабықтарды экспортқа шығарып, тігін машиналарын жасайтын жапон компаниясымен «ынтымақтасу» деген желеумен капитал орналастыруды ойлап отыр. Мәлімдемелер американдықтардың Жапонияға жабықтар әкеліп, капитал орналастыруына мүлдем жол беруге болмайды, өйткені ол Жапонияның отандық өнеркәсібін тұншықтыруы мүмкін деп көрсетілген.

# БАВАРИЯ МЕТАЛШЫЛАРЫ ӨЛІ ДЕРЕУІЛ ЖАСАУДА

БЕРЛИН, 19 август. (СОТА). АДН агенттігінің хабарлауына, Баварияның металшылары кәсіподағының Париж комиссиясы жұмысшылардың жалақының арттырылуы жөніндегі талабының қанағаттандырылуына жету үшін ереуілді онан әрі жүргізе беруге қарар қабылдаған.

Металшылар кәсіподағының председатели Эрвин Эльв комиссия полиция мәжілісінен кейін 19 кәсіпорынның желері кәсіподақтық жалақыны арттыру туралы талабын қанағаттандыруға келісті, деп хабарлаған. Бұл кәсіпорындарда 44500 жұмысшы мен қызметші жұмыс істейді.

# ЖАПОНИЯДАҒЫ ДАУЫЛДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

ШАНХАЙ, 19 август. (СОТА). Киодо Цусин агенттігінің хабарлауына, Жапонияның оңтүстік-батыс бөлігінің үстінен өткен дауылдың салдарынан 26 адам өлген, 70 адам жараланып, 36 адам хабар-ошарсыз жоғалған; 1300 ден аса үй қыйраған және бүлінген, 60 мың йақ егісті су басып кеткен; 98 көпірді су ағызып өкелген; 61 көме суға батқан. Бірсыпыра жерлердегі темір жол қатынасы тоқтап қалған.



## келісімді бұзуда

ПЕКИН, 19 август. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлайды: 17 августа американ жағының үш әскери қызметкері Кокудон ауданында демаркациялық линиядан өтіп, корей-қытай жағының азаматтық полициясына шабуыл жасаған. Мұның өзі американ жағының әскери қызметшілерінің соңғы ағтада уақытша бітімді екінші рет бұзуы.

Корей-қытай жағының ұсынысы бойынша кеше күндізгі сағат 3-те Кокудон ауданына үшінші бірлескен инспекциялық топ келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Жанжалдың 17 августа үш сағат 30

минутта болғандығы анықталды. Корей-қытай жағының демилитарланған аймақта күзет қызметін атқарушы азаматтық полициясы Кокудонға таяу жерде әскери үш қызметшіні байқап қалып, оларға дыбыс берген. Әскери үш қызметші қайтарып ұн қатпаған, бірақ оқ ата бастаған. Азаматтық полиция өздерін қорғау мақсатымен қарсы оқ атуға мәжбүр болған. Демаркациялық линияны бұзушылардың бірі өлген, екеуі американ жағының бақылауындағы ауданға қарай қашып кеткен.

Өлген адам лисынмандық армия формасында болып шыққан.

дей спортшы қатысуда. Конференцияға қатысушылар жалпыгерманиялық спорт қозғалысын оған әрі өрістетуге бағытталған шараларды талқылайды.

## ЛЕЙПЦИГТЕГІ СПОРТ МЕЙРАМЫ

БЕРЛИН, 19 август. (СОТА). Кеше Лейпцигте тұңғыш неміс спорт мейрамы салтанатпен ашылды, оған Германияның екі бөлегінің спортшылары қатысты. Лейпцигтегі мейрамға қатысу үшін Совет Одағының, Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Францияның, Голландияның, Индияның және Чилидің спортшылары келді.

армия» туралы договордың мәнісін өзгертіптейтінін мойындады. Эйзенхауэр Тайвань туралы мәселеге тоқталды. Ол

## Американ соғыс самолетінің Индияда әуе шекарасын бұзуы

ДЕЛИ, 19 август. (СОТА). «Индостан таймс» газетінің хабарларына қарағанда, 17 августа Индия территориясының үстінде американың Шығыс Пакистанға бара жатқан «Глобмастер» типті соғыс самолеті ұсталған. Самолет бағытын өзгертіп, Дели аэродромына келіп қонуға мәжбүр болған.

Газеттің жазуына, самолетке тіпту жүргізілгенде қару-жарақ немесе оқ дәрі

табылмаған. Бірақ бұл жағдай Делиде абыржушылық тудырған. Самолет экипажының паспорттары және самолетке қажетті документтері болмаған. Индия арқылы Карачиге ұшатын соғыс самолетінің қандай болса да Пакистандағы Индия жоғары комиссары өкілінің тексеруінен өтіп, тиісті рұқсат алуы керек. Американ ұшқыштары бұл ережені бұзған.

## АҚШ-ТА ОҚИДЕГІ КОММУНИСТІК ПАРТИЯҒА ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ

ВАШИНГТОН, 20 август. (СОТА). Өкілдер палатасы коммунистік партияға тыйым салу туралы заң жобасын оны бұған дейін сенаттың бекіткен күнінде 265 дауыспен мақұлдады. Палатаның екі мүшесі қарсы дауыс берді. Заң жобасы ақ үйге жіберілді. Президент қол қойғаннан кейін ол заңға айналады.

## АҚШ-ТАҒЫ РЕАКЦИЯЛЫҚ ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫ

ВАШИНГТОН, 19 август. (СОТА). АҚШ сенаты үкімет ұсынған заң жобасын қабылдап, өкілдер палатасына жолдады. Бұл заң жобасына сөйбес Смит заңы негізінде сотталғандар американың азаматы болудан қалады.

## ИНДИЯДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

ДЕЛИ, 19 август. (СОТА). «Индостан стандарт» газеті Индияның премьер-министрі Нерудің үндеуін жариялады. Премьер-министр бұл үндеуде барлық халықтың су тасқынына зардап шеккен Солтүстік Индияның халқына көмек көрсетуге шақырған.

## ДЕ ГАСПЕРИДІҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫ

РИМ, 19 август. (СОТА). Анса агенттігінің хабарлауына, бүгін Италияның бұрынғы премьер-министрі, «Христиан-демократиялық» партияның лидері Альчиде де Гаспери жүрек параличпен қайтыс болған.

Редактордың орынбасары  
Г. НУРМОЛДИН.

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «БАТЫРДЫҢ ҚАЛЫҢДЫҒЫ»

Сағат 12-30, 2-30, 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

### «ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «КӨҢІЛДІ ЖУЛДЫЗДАР»

Сағат 6, 8, 10-да басталады.

Ипподром ауданында облыстық су құрылысына (қалалық құрылыс конторы базасы мен «Заготживсыр» базасының арасында) күзетшілер, маусымдық жұмысшылар, тасшылар, шоферлар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде кешкі сағат 5-тен 6-ға дейін келіп түсінік алуға болады.

М. НУРПЕЙІСОВ.  
С. ТЕМІРХАНОВ.

## КИНО

# „Батырдың қалыңдығы“

Қаланың кинотеатрларында «Батырдың қалыңдығы» атты Венгриялық мемлекеттік киностудиясы жасал шығарған көркемсуретті кинофильм көрсетіліп жатыр. Оны қала жұртшылығы зор ықпалмен қызыға көзделуде.


Фильмнің құндылығы мен мазмұндылығы сол — ол бұдан екі ғасыр бұрын, ХУІІ ғасырдың басында өз Отанының тәуелсіздігі үшін Австрия монархиясының езшілігіне қарсы күреске аттанған венгер халқының ұлт-азаттық қозғалысын бейнелейді. Бұл ұлт-азаттық қозғалысын басқарған князь Ференц Ракоци. Ал, оның армиясы журуцалар деп аталады.

Кинофильм осы ұлт-азаттық қозғалыстың белгілі бір көрінісін суреттеуге арналған. Экран ашылғанда көрушілерге ескі венгер селосы көрінеді. Бейбіт, алаңсыз отырған селоба. Австрия солдаттары баса көзлеп кіріп, селоба тұрғындарын ауыр азапқа, олардың үй мүлкін, малын талап-таражға салады. Бұл кезде осы селоның бұрынғы крепостнойы Янош Борнемисса бастаған бір топ журуцалар отряды келіп селоны азат етеді.

Артист Т. Бичкеи өзінің геройы Янош Борнемиссаны өз еліне, өз Отанына жаптанмен берілген, оның азаттығы үшін күреске белсене аттанған шын мәніндегі халық батыры етіп көрсеткен. Оған бәрінен де: жерден де, ақпадан да өзінің Отаны, оның тәуелсіздігі қымбат. Міне, сол үшін оны селоба тұрғындары, әскери қызметтегі жолдастары құрметтеп, сыйлайды.

Артист Т. Бичкеи перойдың ішкі ой дүниесін, психологиялық сезімдерін тым шебер бейнелеп берген. Оны мынадан көруге болады. Янош бастаған журуцалар отрядының селоны азат еткеннен кейін жаудың тылшыдағы өздерінің армиясына тез қайта оралуы керек болды. Бұл арада жеке басты драмасы қосағандық мақсатқа келіп ұштасады. Отан бәрінен де қымбат. Янош сүйген қызы Аннаны жаудың ортасына тастап кетуге қыймай қатты

қыйналады. Оны өзімен бірге Нитру қорғанына баруға ұсынады. Бірақ, Анна өзінің үйін, туған анасын тастап кеткісі келмейді. Бір жағынан кірпіксіз таза махаб-



батпен беріле сүйген жігіті Яношты қыймай, нұрлы көзінен ыстық жас төгіледі. Артистка Э. Ваш Аннаның бойындағы осындай ыстық сезімді дәл, нанымды етіп бере білген. Көрушілер экрандағы Анна Бироны өмірдегідей қабылдайды. Ол Отан тәуелсіздігі үшін күреске аттанған жары Яношқа әскерткішке өзінің орамалын береді. Ал, Янош оған теңге (металл ақша) береді. Егер басына ауыр жағдай түссе, осы теңгені маған жеткізесің. Ал, оны әкелген кісі «батырлық, ерлік» деген екі сөзді айта мен бәрін де түсінемін, дейді.

Нитру қорғанына қолбасшы болып, талантты қарт генерал Боттян келеді. Генерал Боттян артист Г. Маді Сабоның орын-

дауында халыққа, солдаттарға өте жақын, қарапайым адам. Бірақ, жауына қатал, мейрамсіз, оған бәрінен де өз Отаны оның тәуелсіздігі қымбат. Міне, сол үшін

ерлігіне сүйенген ол тұтқынды бір жыл кейінге қалдырады. Генерал қорғанға келісімен армияны азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Солдаттар қарт генералдың қолбасшы болып келуін қуанышпен қарсы алады. . .

Князь Ференц Ракоци артист Ш. Деактың орындауында ойдағыдай шыққан образдардың бірі. Ол өте байышты, ұйымдастырушылық қаблеті күшті қолбасшы ретінде көрсетілген. Ференц Ракоци өз Отанының тәуелсіздігі үшін ұлт-азаттық қозғалысына көтерілген халықтардың жеңетініне кәміл сенеді. Сондықтан да оның өзі бастап отырған венгер халқының ұлт азаттық күресінде жеңіп шығатынына сенімі зор.

Янош князьдің сарайына келгенде оның қабылдауында французияның және басқа мемлекеттердің елшілері тұрғанын көреді. Князьдің көмекшісі Яношты Ференц Ракоцидің қабылдауына жібермей, тіпті оған: «көрмей тұрсың ба қандай адамдардың тұрғанын», деп ескіні тастайды. Бірақ, Янош оған қарамай француз елшісін қабылдап отырған князьдің үстіне кіріп келеді.

Князь Яноштың ерлігіне разы болып, оны алтын медальмен наградтайды. Оған лейтенант атағын береді. Мұнымен бірге ол Яношқа генерал Боттянға тапсыру үшін хат береді. Ішкі жаулардың үлкен шабуылы туралы князьдің бұйрығы жазылған бұл хатты алуға талаптанған арам ниеттерінің күлін көкке ұшырып, Янош хатты генералға әкеліп береді.

Фильмде өзінің Отанын сатқан, сөйтіп жау жағына шығып кеткен опасыздар да көрсетілген. Солардың бірі — полковник Инцеди. Ол үлкен жер иесі. Сондықтан ол өз басының қамын, өз байлығын ғана ойлайды. Кейбір тұрақсыз элементтерді пайдаланып солар арқылы үлкен шабуылдың жоспарын жауға — опасыздықпен білдіріп қояды. Артист М. Шармашни зұлым жаудың образын біркелкі жақсы етіп шығарған.

Бұл кезде Австрия армиясына жаңа қолбасшы тағайындалған еді. Австрия монархиясының солдаттары венгер селоларына қайта басып кіріп, олардың тұрғындарын бекініс жасау үшін күштеп жү-

ерлігіне сүйенген ол тұтқынды бір жыл кейінге қалдырады. Генерал қорғанға келісімен армияны азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Солдаттар қарт генералдың қолбасшы болып келуін қуанышпен қарсы алады. . .

Князь Ференц Ракоци артист Ш. Деактың орындауында ойдағыдай шыққан образдардың бірі. Ол өте байышты, ұйымдастырушылық қаблеті күшті қолбасшы ретінде көрсетілген. Ференц Ракоци өз Отанының тәуелсіздігі үшін ұлт-азаттық қозғалысына көтерілген халықтардың жеңетініне кәміл сенеді. Сондықтан да оның өзі бастап отырған венгер халқының ұлт азаттық күресінде жеңіп шығатынына сенімі зор.

Янош князьдің сарайына келгенде оның қабылдауында французияның және басқа мемлекеттердің елшілері тұрғанын көреді. Князьдің көмекшісі Яношты Ференц Ракоцидің қабылдауына жібермей, тіпті оған: «көрмей тұрсың ба қандай адамдардың тұрғанын», деп ескіні тастайды. Бірақ, Янош оған қарамай француз елшісін қабылдап отырған князьдің үстіне кіріп келеді.

Князь Яноштың ерлігіне разы болып, оны алтын медальмен наградтайды. Оған лейтенант атағын береді. Мұнымен бірге ол Яношқа генерал Боттянға тапсыру үшін хат береді. Ішкі жаулардың үлкен шабуылы туралы князьдің бұйрығы жазылған бұл хатты алуға талаптанған арам ниеттерінің күлін көкке ұшырып, Янош хатты генералға әкеліп береді.

Фильмде өзінің Отанын сатқан, сөйтіп жау жағына шығып кеткен опасыздар да көрсетілген. Солардың бірі — полковник Инцеди. Ол үлкен жер иесі. Сондықтан ол өз басының қамын, өз байлығын ғана ойлайды. Кейбір тұрақсыз элементтерді пайдаланып солар арқылы үлкен шабуылдың жоспарын жауға — опасыздықпен білдіріп қояды. Артист М. Шармашни зұлым жаудың образын біркелкі жақсы етіп шығарған.

Бұл кезде Австрия армиясына жаңа қолбасшы тағайындалған еді. Австрия монархиясының солдаттары венгер селоларына қайта басып кіріп, олардың тұрғындарын бекініс жасау үшін күштеп жү-

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.